

# **«ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ»**

**ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ  
БІРЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІН  
НАСИХАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЛЕКТОРИЙДІҢ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**



**Сборник материалов  
республиканского лектория  
по пропаганде казахстанской модели  
общественного согласия  
и общенационального единства**

**«КОНСОЛИДАЦИЯ  
КАК ГЛАВНЫЙ ФАКТОР  
ДАЛЬНЕЙШЕГО ПРОГРЕССА»**

УДК 323/324 (574)

ББК 66.3 (5Каз)

Ұ43

Рецензенты

Садвокасова А.К., заместитель директора ИПЭИ, доктор социологических наук, председатель НЭС АНК

Баймухаметова Р.С., директор ТОО «Центр психологии и развития личности «РУХ»», клинический психолог.

Саттарова Ж. С., составитель сборника

ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ» қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін насихаттау жөніндегі республикалық лекторий материалдар жинағы, Петропавл қ., 2021 – 240 с.

Сборник материалов республиканского лектория по пропаганде казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства «КОНСОЛИДАЦИЯ КАК ГЛАВНЫЙ ФАКТОР ДАЛЬНЕЙШЕГО ПРОГРЕССА», г. Петропавловск, 2021 – 240 с.

ISBN 978-601-322-554-8

ЧНУ «Координационный центр по проблемам детства «Демеу» и РГУ «Қоғамдық келісім» Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан провели республиканский лекторий по пропаганде казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства «КОНСОЛИДАЦИЯ КАК ГЛАВНЫЙ ФАКТОР ДАЛЬНЕЙШЕГО ПРОГРЕССА». Лекторий прошли в Мангыстауской, Жамбылской, Костанайской и Восточно-Казахстанской областях, получил широкий позитивный общественный резонанс и поддержку среди научной и творческой интеллигенции, молодежи, представителей этнических групп.

Качественный состав лекторов на всех лекториях придали высокий статус проводимых мероприятий и привлекли заинтересованность среди населения к данному проекту, независимо от этнической принадлежности, а именно к таким темам о традициях, культуре, воспитании молодого поколения, образе мысли казахов, быте, народных героях, а также об актуальных направлениях и тенденциях, о проблемах развития традиций и культуры, а также рассказали об основных направлениях деятельности Ассамблеи народа Казахстана. Очень интересные встречи во всех регионах прошли в вузах, библиотеках, домах дружбы. Работа лекториев прошла содержательно и продуктивно. В этом сборнике собраны материалы лекторов республиканского лектория по пропаганде казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства «КОНСОЛИДАЦИЯ КАК ГЛАВНЫЙ ФАКТОР ДАЛЬНЕЙШЕГО ПРОГРЕССА».

УДК 323/324 (574)

ББК 66.3 (5Каз)

Ұ43

© ЧНУ «Координационный центр по проблемам детства «Демеу»

«Демеу» балалық шақтағы проблемаларды үйлестіру орталығы» жеке коммерциялық емес мекемесі және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министірлігінің «Қоғамдық келісім» РММ қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін насихаттау бойынша «ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ» атты республикалық лекторий өткізді. Лекторийлер Маңғыстау, Жамбыл, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында өтіп, кең қоғамдық резонанс тудырды, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым, жастар, этностық топтар өкілдері арасында қолдау тапты.

Барлық лекторийлерге қатысқан ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, жастар көшбасшыларынан құралған дәріскерлердің сапалық құрамы, терең білімі мен таным деңгейлері өткізілетін іс-шараларға жоғары мәртебе берді және ел ішінде, этностық қатыстылығына қарамастан, осы жобаға, атап айтқанда, қазақ халқының салт-дәстүрлері, мәдениеті, жас ұрпақты тәрбиелеу, қазақтардың ой-өрісі, тұрмысы, халық батырлары, сондай-ақ халықтық дәстүрлер мен мәдениеттің даму проблемалары, өзекті бағыттары мен үрдістері туралы тақырыптар көпшіліктің қызығушылығын оятты.

Дәріс оқушылар барлық жерлерде Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу тарихы мен мақсаттары, қызметінің негізгі бағыттары туралы айтып отырды. Аталған өңірлерде жоғары оқу орындарында, еңбек ұжымдарында, кітапханаларда, Достық үйлерінде өткен қызықты және танымдық мәні зор кездесулер

катысушылардың, жалпы аудиторияның білім көкжиегін кеңейтуге зор үлес болып қосылды деп атап өтуге болады. Дәріскерлердің мемлекетіміздегі этносарлық бірлік пен татулықты нығайтып, сақтаудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін, оның қызметінің мәнін ашуы елдегі ынтымақ пен келісімді одан әрі нығайтуға ықпал етері сөзсіз.

Бұл жинақта қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін насихаттау жөніндегі «Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы» республикалық лекторийінің материалдары жинақталған.

ЧНУ «Координационный центр по проблемам детства «Демеу» и РГУ «Қоғамдық келісім» Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан провели республиканский лекторий по пропаганде казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства «КОНСОЛИДАЦИЯ КАК ГЛАВНЫЙ ФАКТОР ДАЛЬНЕЙШЕГО ПРОГРЕССА». Лекторий прошли в Мангыстауской, Жамбылской, Костанайской и Восточно-Казахстанской областях, получил широкий позитивный общественный резонанс и поддержку среди научной и творческой интеллигенции, молодежи, представителей этнических групп.

Качественный состав лекторов на всех лекториях придали высокий статус проводимым мероприятиям. Привлекли заинтересованность среди населения к данному проекту, независимо от этнической принадлежности, а именно к таким темам о традициях, культуре, воспитании молодого поколения, образе мысли казахов, быте, народных героях, а также об актуальных направлениях и тенденциях, о проблемах развития традиций и культуры, а также рассказывали об основных направлениях деятельности Ассамблеи народа Казахстана. Очень интересные встречи во всех регионах прошли в вузах, библиотеках, домах дружбы. Работа лекториев прошли содержательно и продуктивно. В данном сборнике собраны материалы лекторов республиканского лекторий по пропаганде казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства «КОНСОЛИДАЦИЯ КАК ГЛАВНЫЙ ФАКТОР ДАЛЬНЕЙШЕГО ПРОГРЕССА».

## **Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасының тұжырымдамасы**

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» жобасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында Қазақстан халқын шоғырландыратын ортақ құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Ол Қазақстан жұртшылығының бойында біртұтас ортақ құндылықтарды қалыптастырудың негізі ретінде қазақ халқының тарихын, мәдениетін, философиясын, этикасындәріптеуге, сондай-ақ Қазақстан этностарының арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобаларын ілгерілетуге бағдарланған.

Жобаның негіздемесі:

Қазіргі заманда әлемдегі жалпы жаһандану және коммерцияландыру үрдісі, рухани және мәдени саланы қоса алғанда, адам өмірі мен қоғамның барлық саласын бір ізге салуға пәрменді ықпал етуде.

Мұндай жағдайда бірегейлікті сақтау үшін:

қазақстандық ұлттың негіз қалаушы, бірегей мәдени кодтарын сақтаудың, нығайтудың және дамытудың жаңа жанды нысандарын табу;

солардың негізінде қоғамдық сананы одан әрі рухани жаңғыртуға арналған тиімді драйверлерді қалыптастыру қажет.

Бұл ретте қазақтың ұлттық құндылықтары, тарихы мен дәстүрлері шоғырландырушы құндылық болып табылатын өзекті рөлін атқара отырып, осы үрдістің алғышартына және негізіне айналуы тиіс.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» жобасы, қазақ халқының жалпықазақстандық ұлттық бірегейлікті нығайтудың біріктіруші рухани бастауы болып табылатын мәдени феномендерін және басты ізгілікті қағидалары мен императивтерін ашуға, таратуға және оны Қазақстанның барлық этностарының қабылдауына бағытталған.

Жобаның мақсаты:

ҚР халқының қоғамдық санасына қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарының біріктіруші әлеуетін сіңіруге арналған жүйе жасау.

Бабалардан келе жатқан байырғы аумақта, қазақ халқының біріктіруші мәдени-тарихи рөлі мен ортақ тарих, азаматтық бастаулар негізінде қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін одан әрі жетілдіру.

Жобаның міндеттері:

- Қазақстан этностарының қазақ халқымен өзара іс-қимыл жасау саласын кеңейту және коммуникацияның жаңа арналарын жандандыру;
- әртүрлі этностық топтар өкілдерінің қазақ халқының тарихы, дәстүрлері, мәдениеті, діні, рухани орталықтары, философиясы, әдебиеті, өнері, тұрмысы мен ойлау қалпы туралы неғұрлым толық білім алу жүйесін қалыптастыру;
- қазақ халқының тарихы, өнері, дәстүрлері, философиясы туралы ақпаратты басқа этностардың өкілдерінің қабылдауы және таратуы үдерісінде ҚХА құрылымдарының (қоғамдық келісім кеңестерінің, аналар кеңестерінің, Достық үйлерінің, медиация кеңестерінің,

ҚХА кафедраларының, ҚХА ғылыми-сараптамалық топтарының, ҚХА журналистер клубтарының, этномәдени бірлестіктердің) рөлін арттыру;

- қазақ халқының құндылықтарын түсіну, қабылдау және тарату үрдісіне жастарды белсенді түрде тарту, оның ішінде ҚХА-ның «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының құрылымдары арқылы, сондай-ақ солар бастамашылық жасаған және іске асыратын іс-шаралар, жобалар мен бағдарламалар арқылы;

- қазақ халқының құндылықтарын барша қазақстандық этностардың құндылықтар жүйесіне үйлесімді түрде қосу;

- қазақ халқының құндылықтарын қабылдау және рухани игеру арқылы Қазақстан этностарын шоғырландыру;

- қазақ халқының тұтас тарихындағы және қазіргі заман жағдайындағы оның мәдениетінің, құбылыстары мен өмір салты нысандарының бірегей сан алуандығына жаңа синтетикалық көзқарасты тұжырымдау.

Жобаның ерекшелігі:

Жоба қоғамды шоғырландыру үрдістеріне қазақ халқының мәдени кодының базалық парадигмаларын кіріктірудің, қай этносқа жататынына қарамастан, барша қазақстандықтарды біріктірудің негізі, сондай-ақ үйлесімді этносаралық іс-қимылды құрудың бастауы ретінде қызмет етеді.

Жоба аясында ҚХА алаңшаларында қазақ мәдениетінің, қоғамы мен мемлекетінің қалыптасу және даму үрдісін түсіну тұрғысынан алғанда бірегей қағидаттар мен аспектілер болып табылатын:



- толеранттылық;
- өз ошағыңды құрметтеу;
- туған жерге деген сүйіспеншілік;
- ана тілге деген құрмет және сөз құдіретін кең мағынада түсіну;
- қонақжайлылық және адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын ұғыну;
- адамның ар-ожданына негізделген абыройы мен қадір-қасиетін сақтау;
- «Үшкір бұрыштары жоқ шеңбер» өмірлік философиясы және оның нышандарының (киіз үй, ошақ, табақ, шаңырақ) терең мағынасына басты назар аударылады деп күтілуде.

Жобаның негізгі тақырыптық бағыттары:

- Мықты елдің мықты адамдары;
- Сөздің ұлы құдіреті;
- «Үшкір бұрыштары жоқ шеңбер» өмірлік философиясы;
- Туған жерім, отбасым-ошақ-қасым, ана тілім;
- Қазақ тәрбиесі жүйесіндегі ар-намыс пен абырой;
- Жолаушылар – «жол балалары»: Ұлы даланың қонақты қадірлеу қасиеті;
- Ұлы даланың ұлы ойшылдары;
- Образ, ой, сөз (қазақ әдебиеті);
- Мәңгілік Тәңірден Исламға дейін;
- Рухани киелі жерлер – ұлы бабалар мұрасы;
- «Бабадан-балаға/Ел аузынан» – қазақтың ауызекі дәстүрі;
- Ғасырлар дәстүрлерін сақтау: қазақтардың мәдени коды және толеранттылық;

- Атымтай жомарттар елі: қазақ қоғамы және қайырымдылық.

Жоба іс-шараларының нысандары:

- ҚХА ұйымдастыратын лекторийлер, семинарлар, форумдар және басқа іс-шаралар аясында жоба тақырыптары бойынша дәріс-әңгімелер циклы (бұл дәрістер циклдары пәнаралық сипатқа ие болуы керек және материалды баяндау тарихи және проблемалық-жүйелілік ұстанымның ұштастырылуына негізделуі тиіс).

- Мемлекеттік тілді жеделдете оқытуға арналған заманауи технологияларды әзірлеу және енгізу бойынша семинар-тренингтердің шеңберінде қазақ тілінің қалыптасу тарихы мен ерекшеліктері бойынша дәрістер курсы ұйымдастыру.

- Дәстүрлі қазақ тәрбиесі мәселелерін талқылау, оның ішінде мәселені аналар кеңестері отырыстары мен іс-шаралары шеңберінде талқылау.

- Кітапханалар мен Достық үйлерінде қазақ халқының тарихындағы жарқын, неғұрлым маңызды күндерге арналған «Күнтізбені парақтағанда» республикалық акциясын ұйымдастыру.

- Жастар мен этномәдени бірлестіктер өкілдеріне арнап, қазақ халқы тарихының елеулі даталары мен қазіргі заманғы өмірін зерделеуге арналған тақырыптық акциялар (экскурсиялар, ойындар, желілік викториналар) өткізу.

- ҚХА-ның «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының аясында мектептерде және жоғары оқу орындарында қазақ мәдениетінің, ғылымы мен

өнерінің жарқын өкілдері туралы сабақтар, тақырыптық сынып сағаттарын, әңгімелер өткізу. Оқушылар мен жастарға арнап ойын түрінде іс-шаралар (көңілді және тапқырлар клубы, брейн-ринг, зияткерлік турнир, ойын-саяхат, викторина, мереке) ұйымдастыру.

- Достық үйлері жанынан, Қазақстан этностарының өкілдеріне арналған, қазақ қолөнері мен кәсіптерінің пайда болу тарихын және олардың мәнін зерделей отырып, соларды үйрететін курстар мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру көзделетін «Мұрагерлер-сақтаушылар-жасампаздар» бағдарламасын әзірлеу және іске асыру.

- Жастар мен этномәдени бірлестіктер өкілдеріне арнап, қазақ халқының тарихы туралы ғылыми-танымдық, деректі және көркем фильмдерді көрсетіп, талқылауды ұйымдастыру.

- Өңірлік этномәдени бірлестіктердің өкілдері үшін, олардың қазақ халқының дәстүрлерін, мәдениетін, өнері мен ғылымын білуіне бағытталған конкурс ұйымдастыру.

- ҚХА-ның «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының «Ұлы Дала Елінің киелі мұралары» тарихи – экологиялық акциясын іске асыруға ҚХА ғылыми-сарапшылық кеңесінің сарапшыларын тарту.

- Этностық БАҚ-та жоба тақырыптары бойынша ғылыми-көпшілік мақалалар сериясын жариялауды ұйымдастыру.

- Жастар мен этномәдени бірлестіктердің өкілдеріне арнап, этностық театрлар сахналарында қазақ драматургтерінің туындыларынан жоба тақырыптары бойынша спектакльдер қойылуын ұйымдастыру.

- Түрлі этностық топтар өкілдерінің қазақ зиялыларының арасынан шыққан қоғамдық пікір көшбасшыларымен тікелей өзара іс-қимыл жасау; ұлттық музейлерге, театрларға баруды ұйымдастыру; қазақ ұлттық мәдени кодын бойына сіңірген тұлғалармен тікелей бірлесе жұмыс істеу мүмкіндігін жасай отырып, интерактивті практикалық сабақтар ұйымдастыру.

Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- еліміздегі этносаралық қарым-қатынастың бірегей үлгісінің жүзеге асырылуы мен дамуын қамтамасыз етіп отырған мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақтардың тарихы, мәдениеті, философиясы туралы Қазақстан этностарының жалпы білім деңгейінің артуы;

- қазақ халқының құндылықтарын қабылдау және рухани игеру арқылы Қазақстан этностарының шоғырлануы;

- Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудың негізі болған идеяның қазақ халқының мәдени кодының базалық парадигмасымен бірлігі мәнінің ашылуы;

- бірлесу мен этносаралық қатынастар үйлесімінің негізі ретінде қазақтың ұлттық мәдениеті мен менталитеті туралы білімдерді тарату және басқа этностардың оны қабылдау үрдісіне ҚХА-ның барлық құрылымдарының тартылуы;

- этностардың өзара іс-қимыл жасауының коммуникациялық арналарының кеңеюі;

- басқа этностардың қазақ халқының құндылықтарын тарату, түсіну және қабылдау үрдісіне жастардың тартылуы;

- этносаралық өзара іс-қимыл, қазақ халқының құндылықтарын тарату, түсіну және қабылдау үрдісіне қазақстандық қоғамның кең ауқымда тартылуы.

## **Концепция научно-просветительского проекта Ассамблеи народа Казахстана «Қазақтану»**

**Проект Ассамблеи народа Казахстана «Қазақтану»** направлен на формирование и консолидирующих общих ценностей народа Казахстана в русле программы «Рухани жаңғыру».

Он ориентирован на популяризацию истории, культуры, философии, этики казахского народа у населения Казахстана, как основы формирования единых общих ценностей, а также на продвижение в среде этносов Казахстана проектов программы «Рухани жаңғыру».

Обоснование проекта:

В современном мире процесс общей глобализации и коммерциализации оказывает мощное унифицирующее влияние на все сферы жизни человека и общества, включая духовную и культурную.

В этих условиях для сохранения идентичности необходимо:

найти новые живые формы сохранения, укрепления и развития основополагающих, уникальных культурных кодов казахстанской нации;

сформировать на их основе эффективные драйверы для дальнейшего духовного обновления общественного сознания.

При этом казахские национальные ценности, история и традиции должны стать предпосылкой и основой этого процесса, выступив в роли консолидирующего ценностного ядра.

Проект Ассамблеи народа Казахстана «Қазақтану»

направлен на раскрытие, распространение и восприятие всеми этносами Казахстана культурных феноменов и главных нравственных принципов и императивов казахского народа, являющихся духовным объединяющим началом для укрепления общеказахстанской национальной идентичности.

Цель проекта:

Создание системы для внедрения в общественное сознание населения РК объединяющего потенциала духовных и культурных ценностей казахского народа.

Дальнейшее совершенствование казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства на основе гражданских начал, общей истории и стержневой культурно-исторической роли казахского народа на его исконной территории.

Задачи проекта:

- расширение сферы взаимодействия и активизация новых каналов коммуникации этносов Казахстана с казахским этносом;
- формирование системы получения представителями различных этнических групп более полных знаний об истории, традициях, культуре, религии, духовных центрах, философии, литературе, искусстве, быте и образе мысли казахов;
- повышение роли структур АНК (советов общественного согласия, советов матерей, Домов дружбы, советов медиации, кафедр АНК, научно-экспертных групп АНК, клубов журналистов АНК, этнокультурных объединений) в процессе распространения и восприятия представителями других этносов знаний об

истории, искусстве, традициях, философии казахского народа;

- активное вовлечение молодежи в процесс распространения, проникновения и восприятия ценностей казахского народа, в том числе посредством структур Республиканского молодежного движения АНК «Жанғыружолы», а также инициированных и реализуемых им мероприятий, проектов и программ;

- органичное включение ценностей казахского народа в систему ценностей всех казахстанских этносов;

- консолидация этносов Казахстана через восприятие и духовное освоение ими ценностей казахского народа;

- выработка нового синтетического взгляда на уникальное многообразие культуры, явлений и форм жизни казахского народа на протяжении всей его истории и в условиях современности.

Специфика проекта:

Проект призван продемонстрировать, что имплементация базовых парадигм культурного кода казахского народа в процессы консолидации общества является основой объединения всех казахстанцев, независимо от их этнической принадлежности, а также служит отправной точкой выстраивания гармоничного межэтнического взаимодействия.

В рамках проекта предполагается на площадках АНК основное внимание уделить уникальным с точки зрения понимания процесса становления и развития казахской культуры, общества и государства принципам и аспектам:

- толерантность;

- уважение к родному очагу;
- любовь к родной земле;
- уважение к родному языку и широкое понимание ценности самого слова;
- гостеприимство и осознание важности человеческого общения;
- сохранение чести и достоинства человека, опирающееся на совесть;
- жизненная философия «круга без острых углов» и глубинный смысл ее символов (юрта, очаг, табак, шанырак).

Основные тематические направления проекта:

- Сильные люди сильной страны
  - Великая ценность слова
  - Жизненная философия – «круг без острых углов»
  - Родная земля, родной очаг, родное слово
  - Честь и достоинство в системе казахского воспитания
  - Путники – «дети дорог»: культ гостя в Великой степи
  - Великие мыслители Великой степи
  - Образ, мысль, слово (казахская литература)
  - От вечного Тенгри до ислама
  - Наследие великих предков – духовные святыни
  - «Из уст в уста» – казахская устная традиция
  - Храня традиции веков: культурный код казахов и толерантность
  - Не оскудеет рука дающего: казахское общество и благотворительность
- Формы мероприятий проекта:



- Цикл лекций-бесед по тематикам проекта в рамках лекториев, семинаров, форумов и других мероприятий, организуемых АНК (данные циклы лекций должны носить междисциплинарный характер и основываться на сочетании исторического и проблемно-систематического подхода к изложению материала).

- В рамках семинаров-тренингов по разработке и внедрению современных технологий для ускоренного обучения государственному языку организация курса лекций по истории становления и особенностям казахского языка.

- Обсуждение вопросов традиционного казахского воспитания, в том числе в рамках заседаний и мероприятий советов матерей.

- Организация республиканской акции «Листая календарь» в библиотеках и Домах дружбы, посвященной наиболее ярким и памятным датам истории казахского народа.

- Проведение тематических акций (экскурсии, игры, сетевые викторины) по изучению памятных страниц истории и современной жизни казахского народа для молодежи и представителей ЭКО.

- Под эгидой РМДАНК «Жанғыру жолы» проведение уроков, тематических классных часов в школах и вузах, бесед о наиболее ярких представителях казахской культуры, науки и искусства. Организация игровых мероприятий для школьников и молодежи (КВН, брейн-ринг, интеллектуальный турнир, игра-путешествие, викторина, праздник)

- Разработка и реализация программы «Наследники-хранители-творцы», предусматривающей организацию

при Домах дружбы курсов и мастер классов по обучению представителей этносов Казахстана казахским ремеслам и промыслам с изучением истоков их возникновения и значения.

- Организация демонстрации и обсуждения научно-популярных, документальных и художественных фильмов об истории казахского народа для молодежи и представителей ЭКО.

- Организация конкурса для представителей региональных этнокультурных объединений на знание ими традиций, культуры, искусства и науки казахского народа.

- Привлечение экспертов научно-экспертного совета АНК к реализации республиканской историко-экологической акции РМДАНК «Жанғыру жолы», «Сакральное наследие Ұлы Дала Елі».

- Организация публикации серии научно-популярных статей по тематикам проекта в этнических СМИ.

- Организация серии постановок спектаклей казахских драматургов по тематике проекта на сценах этнических театров для молодежи и представителей ЭКО.

- Организация практических занятий, в основу которых положен интерактивный подход, включающий возможности прямого взаимодействия представителей различных этнических групп с лидерами общественного мнения из числа казахской интеллигенции, посещение музеев, театров, работа в непосредственном контакте с носителями казахского национального культурного кода.

Ожидаемые результаты проекта:

- повышение общего уровня знаний этносов Казахстана об истории, культуре, философии казахов, как ти-

тульной нации и народа, обеспечивающего формирование, функционирование и развитие уникальной модели межэтнического взаимодействия в нашей стране;

- консолидация этносов Казахстана через восприятие и духовное освоение ими ценностей казахского народа;
- раскрытие единства идеи, заложенной в основу создания Ассамблеи народа Казахстана, с базовыми парадигмами культурного кода казахского народа;
- вовлечение всех структур АНК в процесс распространения и восприятия представителями других этносов знаний о казахской национальной культуре и менталитете, как основах для объединения и гармонизации межэтнических отношений;
- расширение коммуникационных каналов взаимодействия этносов;
- вовлечение молодежи в процесс распространения, проникновения и восприятия ценностей казахского народа другими этносами;
- вовлечение в процесс межэтнического взаимодействия, распространения, проникновения и восприятия ценностей казахского народа широких слоев казахстанского общества.

Проект «Қазақтану» был инициирован с целью создания системы внедрения в общественное сознание населения Республики Казахстан объединяющего потенциала духовных и культурных ценностей казахского народа.

**I БӨЛІМ**  
**Маңғыстау облысы**  
*2021 жылғы 16-17 қыркүйек*

**I ЧАСТЬ**  
**Мангистауская область**  
*16-17 сентября 2021 года*

**Ноғаев Нұрлан Асқарұлы,**  
Маңғыстау облысының әкімі.

**Құрметті жиынға қатысушылар,  
кадірлі Марат Алмасұлы!**

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін насихаттау жөніндегі республикалық дәрісханаға қатысуға мүмкіндік бергені үшін барлықтарыңыздан алғыс білдіргім келеді!

Хотелось бы выразить от всех благодарность за предоставленную возможность поучаствовать в республиканском лекториуме по пропаганде казахстанской модели общественного согласия и общенационального единства.

Биыл еліміз үшін маңызды жыл – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Бұл ата-бабамыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін айқындайтын маңызды белес. Халқымыз қаншама қиын кезеңдерді басынан өткерсе де, ынтымағы мен бірлігін ең басты құндылығымыз деп есептеді.

Тәуелсіздіктің бастау алған ең қиын жылдарында Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қарымды қайраткерлігі нәтижесінде республикамызда этносаралық сыйластық пен қоғамдық келісім тұрақты түрде сақталды. Ұлттың дархандық мінезі, салиқалы саясаты бар Қазақстан қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қоғамдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды.

Біздің көпұлтты еліміз бен көпэтносты қоғамымызды «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында жұмылдыруда, туған жерге деген патриотизм, сенім, достық құндылықтарының орнығуында Қазақстан

халқы Ассамблеясы институтының маңызы зор.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Жолдауында: «Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс» – деп атап өткен болатын.

Как отметил Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев «Мы – страна, живущая под эгидой единой цели, единых интересов и единого будущего!».

Глава государства Касым-Жомарт Кемелович Токаев в своем Послании отметил: «Для качественного нового развития нации должны меняться наши повседневные жизненные установки. А в обществе необходимо утверждать новые принципы и современные ориентиры».

Межэтническое единство и воспитание заложено в основу казахстанской культуры. В этом и заключается вся суть философии казахского народа. Межэтническое согласие и единство – наш ответ мировым вызовам.

Я желаю отечественным ученым, гостям и участникам мероприятия эффективной и плодотворной работы в таком важном для страны направлении.

### **Құрметті жиынға қатысушылар!**

Бүгінде еліміз күрделі кезеңді бастан өткеруде. Әлемді жайлаған індетті жеңу, иық тірестіре бірге еңсеру, тасбекем тәртіп пен ұйымшылдық биігінен бой көрсету баршамызға жүктелген азаматтық парыз деп білемін.

Ел басына күн туған қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған тонның ішкі бауындай ынтымағы мен тектілігі. Сондықтан туған жердің төсінде, құшағын кеңге жайған бақуатты елдің баянды болашағы үшін жұдырықтай жұмыла еңбек етіп, іргелі істерге атсалысайық.

Бүгінгі қасиетті Маңғыстау жеріндегі кездесуіміз Мемлекет басшысы көздеген орасан зор жоспарларды іске асыруға елеулі үлес қосатынына сенімдімін.

Бірлігіміз бекем, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Президенттің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына

Жолдауы аясында

Қазақстан халқы Ассамблеясының  
«ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ  
БАСТЫ ФАКТОРЫ» атты республикалық  
лекторийінде ҚХА Төрағасының орынбасары –  
ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының  
менгерушісі

**М.А. Әзілхановтың кіріспе сөзі**

**Құрметті Нұрлан Асқарұлы!**  
**Құрметті Қазақстан халқы Ассамблеясының**  
**мүшелері, лекторий қонақтары мен**  
**қатысушылары!**

Сіздерді Маңғыстау жерінде өтіп жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық лекторийінде көргеніме қуаныштымын.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Нұрлан Асқарұлы, сіздің Маңғыстау облысының әкімі болып тағайындалуыңызбен құттықтаймын және жұмыста табыс тілеймін.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы ретінде біздің лекторий сіздің алғашқы іс-шараңыз екенін атап өтуге қуаныштымын.

Сіздің өңірлік басқару тәжірибеңізге сүйене отырып, Маңғыстау облысы мен облыстық Ассамблея өзінің экономикалық және әлеуметтік дамуында жоғары нәтижелерге қол жеткізетініне сенеміз.

Бүгінгі іс-шараға қатысуға Нұр-Сұлтан қаласынан



Ассамблеяның өкілетті делегациясы келді:

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Жүсіп Нұртөре Байтілесұлы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, саяси және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар: Әбдіғалиұлы Берік, Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті төрағасының орынбасары Үйсімбаев Еркін Құлымбайұлы;

«Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» ЖШС директорының орынбасары, ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің төрайымы Сәдуақасова Айгүл Кәкімбекқызы.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, жазушы, аудармашы Әлпейісова Камал Әбілқасымқызы.

Біздің жұмысымыз қасиетті Маңғыстау жерінде татулық пен келісімді нығайтуға өз үлесін қосады деп сенеміз.

### **Құрметті лекторий қатысушылары мен қонақтары!**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы – татулық пен достықтың бірегей жолдауы.

Былғы Жолдау – қоғамның бірлігін сақтау және Тәуелсіздікті нығайту қажеттілігін ұғынуға шақыратын айрықша құжат. Баршамызды біріктіретін құндылықтардың арқасында біз 30 жыл татулық пен келісімде өмір сүріп келеміз, тәуелсіз Қазақстанды құрдық, Тәуелсіздіктің ұрпағын өсірдік.

«Халықтың бірлігі» Жолдаудың атауында бірінші орынға қойылған.

Мұның терең символикалық маңызы бар және бізге – Ассамблея мүшелеріне, Ассамблеяның әр өкіліне, әр құрылымына үлкен жауапкершілік жүктейді.

Биылғы Жолдау әлеуметтік-экономикалық және саяси күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге нақты жауап ретінде бүгінгі таңда ел азаматтарын толғандыратын мәселелерді қамтығаны баршаңызға аян.

Сонымен қатар, Жолдау Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саясатымен ұштастырылғанын, атап айтқанда, мемлекеттік саясаттың бүгінгі таңдағы негізгі бағыттарымен стратегиялық сабақтастықтың жарқын мысалы екенін атап өту қажет.

Бүгін біздің талқылайтын тақырыбымыз – Жолдаудың «Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы» деп аталатын жетінші бөлімі – татулық пен келісім саясаты мәселелеріне арналған арнайы бөлімі.

Жолдаудың негізгі тезистерін зерделей отырып, біз, Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргі жағдайда бірлік, татулық және келісім идеологиясы мен құндылықтарын қорғайтын бірегей қоғамдық институт екенін терең түсінеміз.

Қазіргі жағдайда бұл процесс автоматты түрде жүзеге аспайды – бұл әрқайсымыздан ауқымды ішкі рухани жұмысты, сөзіміз бен ісіміздегі даналықты, пайымдаулардағы тепе-теңдікті, ұлттық мүдделерді қорғауға бел байлауды талап етеді.

Мемлекет басшысы тіл саясатының басымдықтарын айқындауға баса назар аударды, атап айтқанда, біздің

Ата заңымызға сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілі екенін және оны дамыту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік тіл біздің мемлекеттігіміздің арқауына, қазақстандық бірегейліктің іргетасына, жалпыға бірдей танылған азаматтық маркерге айналды.

Мемлекет басшысы қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала беретінін атап өтті. Бұл пікірді, әрине, Қазақстанның барлық азаматтары, оның ішінде түрлі этностар өкілдері де қолдайды.

Мемлекет басшысы біздің «Әралуандықтағы бірлік» деген басты қағидатымыз бұлжымайтынын атап өтті.

Этносаралық қатынастарды үйлесімді дамыту әрқашанда Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағыттарының бірі болды және алдағы уақытта да солай болады.

Елдегі татулық пен келісімді сақтау үшін барлық азаматтар үйлесімді этносаралық және конфессияаралық қатынастардың маңыздылығын ұғынуы тиіс.

Біздің республикалық лекторий осы мәселелерді талқылауға арналған.

**Құрметті Нұрлан Асқарұлы,  
Құрметті әріптестер!**

Этносаралық қатынастар және интеграция саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарын, идеологиялық тәсілдерін, ұлттың жаңа бірегейлігін

нығайту міндеттерін Ассамблеяның 29-шы сессиясында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айқындап берді. Бұл – қазақстандық патриотизм қағидаты; азаматтық тең құқықтық қағидаты; мемлекеттік қазақ тілінің біріктіруші рөлі; «Әралуандықтағы бірлік» қағидаты» интеркультурализм қағидатымен толықтырылады; ұлтты ұдайы жаңғырту қағидаты.

Жолдаудың осы қағидаттары мен міндеттерін іске асыру тек Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің ғана міндеті емес.

Бұл – барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның барлық институттарының инклюзивті міндеті.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы Ассамблея жұмысында үлкен өзгерістер болған жылмен тұспа-тұс келді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ассамблеяның Құрметті Төрағасы болып, оны басқару құқығын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа берді.

Бүгінгі таңда қазақ халқы интегратор халықтың рөлін толыққанды атқаруы үшін объективті және субъективті тарихи алғышарттар пісіп-жетілді деп нық сеніммен айтуға болады.

Қазақ халқы – егемен мемлекет құрушы субъект, этноәлеуметтік, мәдени-тарихи, әлеуметтік-саяси және рухани арқау. Барлық қазақстандық этностарды азаматтық негізде біртұтас халыққа ұйыстырушы ел иесі.

Қазақ халқының осы стратегиялық маңызды жаңа рөлі күн тәртібіне этносаралық қатынастар саласындағы басты міндет – Қазақстанның көпэтносты халқын болашағы біртұтас ұлтқа біріктіру міндетін жаңаша қояды.

Болашағы біртұтас ұлт деген кім?

Бұл – мемлекеттік қазақ тілі ұлтаралық қатынас тілі рөлін атқаратын азаматтық қоғамдастық.

Ал қазақстандық патриотизм мен азаматтық этностық және діни наным-сеніміне қарамастан елдің барша этностары мен азаматтары үшін біртұтас біріктіруші принципке айналады.

Бұл туралы Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ассамблеяның XXIX сессиясында: «Қазақ халқы көпэтносты қоғамның интеграциялық процестерінің өзегін құрайды. Бұл бүкіл әлемде осылай жасалады, тіл барлығын біріктіреді».

Мен бұған бірінші кезекте және бөлек тоқталамын.

Бүгінгі таңда Қазақстанның барлық этностары мемлекеттік тілдің жаңа әлеуметтік рөлін қолдайды және оны жүзеге асыруға ұмтылады.

Мемлекет басшысы атап өткендей, өз болашағын біздің елмен байланыстыратын әрбір азамат мемлекеттік тілді үйренуге бар күшін салуы керек.

Сондықтан Ассамблея мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асырады. Достық үйлерінде, этномәдени бірлестіктерде 174 жексенбілік мектеп бар, оларда мемлекеттік тілді үйренуге арналған 124 топ бар.

«Мың бала» жобасы, этномәдени бірлестіктер жа-

старына арналған тіл мектебі, «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» форумы, өңірлердегі Достық үйлерінде жексенбілік мектептер мен «Мәміле» курстарын ұйымдастыру ҚХА жұмысының тұрақты бағытына айналды.

Ассамблеяның бастамасымен этнос өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйретуге бағытталған «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасы 2015 жылдан бастап жүзеге асырылуда.

«Мың бала» жобасына 1,5 млн. бала қатысып, оның ішінде 286 215 адам қазақ тілін меңгерді.

Қазақ тілінде ғана сөйлесетін «Мәміле» атты 18 клуб бүгінде жаңа деңгейге көтерілді.

«Мәміле» базасында «YouTube» арнасында 40 оқыту сабағынан тұратын серия, сондай-ақ күнделікті қарым-қатынас үшін Петровтың әдістемесі бойынша лингвистикалық минимум дайындалуда.

Біздің бірлескен жұмысымыздың арқасында әр түрлі этностық топтардың ата-аналары балаларын қазақ балабақшаларына беруі, қазақ мектептерінде және жоғары оқу орындарында оқытуы бүгінде жиі кездеседі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 5644 ұйым балаларды қазақ тілінде оқытады және тәрбиелейді, 3798 қазақ мектебі жұмыс істейді.

Бұл саясаттың іс жүзіндегі нәтижесін түрлі этностық топтардың көптеген өкілдерінен, әсіресе қазақ тілін жетік меңгеруге айрықша ықылас білдірген жастардан көреміз.

Бүгінгі таңда Ассамблея этностарды біртұтас ұлтқа белсенді интеграциялау саясатына көшуге бастамашы болып отыр. Бұл үшін мыналар қажет:

– Ассамблеяның және оның барлық құрылымдарының

практикалық жұмысына белсенді «интеграциялық арқау» ретінде қазақ қоғамын кеңінен тарту;

– Қазақ жұртшылығы тарапынан Қазақстанның этностық топтарына бағытталған тартымды және жағымды интеграциялық риторика қалыптастыру;

– мемлекеттік тілді этносаралық интеграция құралы және этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде ілгерілету.

Ал бұл процесте Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқаруы тиіс.

92% қазақ халқы тұратын Маңғыстау облысы қазақ халқының осы тарихи рөлін жүзеге асырудың жарқын үлгісін көрсете алады.

Қазақтардың біріктіруші рөлі автоматты түрде іске асырылмайды.

Ол қажетті әлеуметтік сапаларды, құндылықтарды, мақсат пен міндеттерді қалыптастыруда, қазақ қоғамының қоғамдық санасын жаңғыртуда мемлекет пен қоғамның мақсатты күш-жігерін қажет етеді.

Негізгі міндеттердің бірі – қазақ халқының бірлігін қамтамасыз ету және олардың ұлттың интеграциялық өзегіне айналу қабілетін қамтамасыз ету.

Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясы, оның ішінде Маңғыстау облыстық ассамблеясы, жұмыс тәсілдерін жаңартуға және Ассамблеяны қайта форматтауға айрықша назар аударуы қажет.

Біз Елбасы мен Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес келесі міндеттерге назар аударуымыз керек:

**Біріншіден.** Алға қойылған міндеттерді ескере отырып және оның жұмысының пайдалылығының

әлеуметтік коэффициентін арттыра отырып, Ассамблея мен оның Кеңесінің құрамын қайта форматтау маңызды.

Ассамблеяға жастар өкілдерін – **«Жаңғыру жолы» республикалық қозғалысының жастарын, қазақ жұртшылығының** беделді өкілдерін тартуға ерекше назар аударылу қажет.

Біз алғаш рет этностық топтармен тікелей жұмыс жүргізілетін өңірлер есебінен ҚХА құрамын кеңейтіп, «орталық тізімді» қысқарттық. Бұрын «орталық тізімге» ҚХА-ның 132 мүшесі кірсе, бүгінде – 105, өңірлердің үлесі 385 адам болса, бүгінде – 422 адам.

ҚХА-ның барлық мүшелерінің жұмысын **жандандыру қажет.**

Бүгін Ассамблея Төрағасының қоғамдық орынбасарларына, сондай-ақ Кеңестің бірқатар мүшелеріне алғаш рет Ассамблеядағы жеке жұмыс бағыттарын айқындап, нақты тапсырмалар берілді (*Бекбаеваға – «Бейбітшілік пен келісімге жол» телеэкспедициясы, Кузиевке – Риддердегі ойын алаңы тапсырылды*).

**Ассамблеяның өңірлердегі қоғамдық орынбасарлардың міндеттерін белгілеу,** сондай-ақ олардың қызметін регламенттеу және нақтылау бойынша жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Ассамблеядан сайланған **Мәжілістің тоғыз депутатының** әрқайсысына жұмыстың нақты бағыты бекітілді (*мемлекеттік тілді ілгерілету, қайырымдылық, волонтерлік, кәсіпкерлік, БАҚ және т.б.*).

Нәтижесінде **Ассамблеяның әрбір мүшесі нақты тапсырма** алды.

Екіншіден. Елімізде алғаш рет Ассамблея алаңында



барлық жастар ұйымдарын біріктіру форматы құрылды.

**ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы** базасында «Big 7» жобасы («Jas Otan», «Жарасым», Қазақстан жастарының конгресі, «Болашақ» қауымдастығы, «Жас ұлан» ұйымы, Қазақстан студенттерінің альянсы және Қазақстан КТК одағы) іске асырылды.

Бүгінгі таңда «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының және облыс, қала және аудан әкімдіктері жанындағы **Жастар ісі жөніндегі кеңестің**, сондай-ақ өңірлердегі жастар ресурстық орталығының өзара іс-қимылы жолға қою маңызды.

Өңірлердегі ҚХА мен оның Кеңесіне «Nur Otan» партиясының Жастар қанаты – «Jas Otan» мен «Жарасым» қоғамдық бірлестігінің көшбасшыларын енгізу ұсынылады.

Сондықтан «Жаңғыру жолы» қозғалысының облыстық штабының жаңа басшысы **Аллаева Рухсораға** көп жұмыс жүктеледі, мен оны қолдауларыңызды сұраймын.

**Үшіншіден. Орталықта алғаш рет ҚХА республикалық Аналар кеңесі құрылды**, оның төрайымы болып (Н.Шанаи) тағайындалды.

21-22 маусымда барлық өңірлердің қатысуымен **ҚХА Аналар кеңесінің** республикалық отырысы өтті (құрамында 11,7 мың адамы бар 1 847 Кеңес жұмыс істейді).

Маңғыстау облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесі мен оның төрайымы **Бернеева Зульфия Идаятуллақызы** үлкен жұмыс атқаруда. Сіздердің активтеріңізде 30 аналар кеңесі

бар, оның ішінде 1 облыстық, 1 қалалық, 5 аудандық, 22 ауылдық және 266-дан астам адам. Сіздер «Аңсаған сәби», «Ақ орамал» және «Ана әлдиі» жобаларын жүзеге асырып жатырсыздар.

Сонымен қатар, ҚХА 29-сессиясының шешімі бойынша, Аналар кеңесі ұлтаралық коммуникация алаңы ретінде жұмыс істеуі керек.

Бұл сіздерге жаңа тапсырма және осы бағыттағы жұмысты реттеу қажет.

**Төртіншіден.** Ассамблеяның идеологиялық рөлі мен жаңа міндеттерін ескере отырып, **ҚХА-ның ақпараттық жұмыс стратегиясы дайындалды.**

Бұл жұмыс әрбір мақсатты аудиторияға жеке көзқарас аясында жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, ақпараттық жұмысқа Ассамблеяның барлық мүшелерін тарту маңызды. Ассамблеяның кейбір мүшелері бұл қатерді түсінбейтіні, бұқаралық ақпарат құралдарында көрінбей, өзекті тақырыптарды айналып өтіп, өздеріне жайлылық аймағында отыратыны ашы болса да шындық екенін айту кету керек.

Мұндай жағдайға төзуге болмайды – белсенді өмірлік ұстаным – ҚХА-ның әрбір мүшесінің басты қасиеттерінің бірі болуы тиіс.

**Ашық жұмыс** стиліне көшуді қамтамасыз ету қажет – облыстық ассамблеяның барлық құжаттары – ҚХА және оның Кеңесінің құрамы, сессияның, кеңестің және басқа да жұмыс органдарының шешімдері мен хаттамалары – ҚХА-ның өңірлік сайтында жариялануы тиіс.

Бұған Маңғыстау Ассамблеясының Журналистер клубы өз үлесін қосуы керек.

Клубтың 7 мүшесі бар, «Маңғыстау – Достық мекені» газеті ай сайын шығады.

Бұл маңызды ақпараттық алаң және үлкен күш. Сіздерге жұмыста сәттілік тілеймін.

**Бесіншіден.** Өткен жылдары өңірлердегі **Достық үйлері** этномәдени бірлестіктердің ресурстық орталықтарына айналды және олар осы миссияны толық орындады.

Бүгінде **достық үйлері жұмысының жаңа форматы** әзірленуде – оларды ҚХА жобаларының жобалық кеңселеріне айналдыру көзделуде.

Өңірлік ҚХА, «Қоғамдық келісім» мекемелері мен достық үйлері **жобалық және мазмұнды көзқарас қағидаттары** бойынша қайта құрылуы тиіс, өңірлерде этносаралық қатынастарға теріс әсер ететін нақты әлеуметтік мәселелерді шешуге **басымдық беріледі.**

Маңғыстау достық үйі – елдегі ең үздіктердің бірі, оған еш күмән жоқ. Оның орасан зор әлеуеті бар. Сіздердің жұмыстарыңыздың сәтті болатынына сенімдімін.

**Алтыншыдан.** ҚХА қоғамдық медиация институтын қазіргі форматта түзету мәселесі де кезек күттірмейді.

Болашақта ол **кәсіби келіссөз жүргізушілер институты** ретінде дамитын болады.

Аудандық және одан төмен деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың басшыларына дағдарыс жағдайында келіссөздер технологиясын меңгеруді үйрету қажет.

Сонымен қатар, ықтимал жанжал аймақтардағы

этномәдени бірлестіктердің этномедиаторлары мен қоғамдық пікір көшбасшыларын дайындау маңызды.

АҚШ этномедиаторлары ұйымдарының тәжірибесіне сүйене отырып, тиісті оқыту бағдарламасы жіберіледі.

### **Құрметті лекторий қатысушылары!**

Ассамблея Хатшылығы, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ассамблеяның (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жаңарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Жолдау тапсырмалары мен 29-шы сессия шешімдерін іске асыру мәселелері биылғы жылдың қазан айында Ассамблея Кеңесінде талқыланады.

Біздің лекторий Қазақстан халқын біріктірудің негізгі міндеттерін талқылайтын қоғамдық алаңға айналады деп сенемін.

### **Құрметті Нұрлан Асқарұлы!**

Маңғыстаулықтардың барлығына қонақжайлылығы және лекторий ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамыз, жұмысыңызға сәттілік тілеймін! **Назар аударғаныңызға рақмет!**

**Үйсiмбаев Еркін Құлымбайұлы,**  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық  
даму министрлігінің этносаралық қатынастарды да-  
мыту комитеті төрағасының орынбасары  
*«Этносаралық қатынастарды  
дамыту комитетінің қызметі туралы»*

**Құрметті Марат Алмасұлы, Нұрлан Асқарұлы,  
республикалық лекторийге қатысушылар!**

Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІХ сессиясында/ мемлекет басшылығы біртектілік пен бірлікті дамытудың жаңа кезеңінде/ мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың бағдарламалық тәсілдерін белгіледі.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев этносаралық қатынастар және/ халықтың интеграциясы, ұлттың жаңа біртектілігі саласында/ мемлекеттік саясатты жүргізудің теориялық тәсілдері мен/ қағидаттарын таяу жылдары жаңаша тұжырымдады.

Бұл – мемлекет пен азаматтар арасындағы сенім мен өзара іс-қимылға негізделген қазақстандық патриотизм қағидаты, заң алдындағы теңдікке де, мүмкіндіктердің нақты теңдігіне негізделген азаматтық теңқұқықтылық қағидаты, мемлекеттік тілдің біріктіруші рөлінің қағидаты; интермәдениеттілік қағидатымен белсенді түрде толықтырылатын «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты; білімділікті, еңбексүйгіштікті, біліктілікті, адалдықты, тәртіп пен жауапкершілікті қоса алғанда, ұлтты тұрақты жаңғырту қағидаты.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Тәуелсіздіктің басты көрінісі – елдегі

бейбітшілік пен келісімді сақтау екенін атап өтті.

Жолдаудың ережелері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының бірлік пен келісімнің, елді дамытудың, саяси жаңғыртудың және адам құқықтарын қорғаудың негізін қалаушы мәселелеріндегі саясат сабақтастығының қисынды жалғасы болды.

Халық бірлігі мен жүйелі реформалары – ел өркендеуінің берік негізі болып табылатыны сөзсіз. Қазіргі таңда халықтың бірлігі кез келген мемлекеттің дамуы мен жан-жақты өркендеуінің басты бағыттарының бірі.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің негізгі міндеттерінің бірі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, қуатты мемлекет құру, халық бірлігін және халықаралық ынтымақтастықты дамыту жолында мақсатты әрі тұрақты жұмыс жүргізу болып табылады.

Осыған орай, елімізде этносаралық қатынастар саласының тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңыздылығы баршамызға мәлім.

Қазіргі уақытта ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, елімізде этносаралық келісімді қамтамасыз ету, реттеу бойынша жауапты мемлекеттік органдардың жүйесі құрылды, сондай-ақ өңірлер әкімдіктерін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдастырылды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті мемлекеттік саясатты іске асырып, оның жүйелі үйлестіруді орталық және өңірлік деңгейлерде ұйымдастырды.

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институ-

ты мониторингінің деректері бойынша Қазақстанда этносаралық қатынастардағы тұрақтылықтың «базалық өзегі» 94% деңгейде сақталуда.

Азаматтарымыздың 88%-ы көпэтностық идеяны қолдайды. Олардың 69%-ы Қазақстан халқы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген көпэтносты үш тілді мемлекет ретінде көреді.

18-29 жас аралығындағы жастардың 71%-ы және 30-45 жас аралығындағы халықтың орта буыны 71%-ы осындай көзқарастарды ұстанатыны ерекше қуантады.

Халық біздің этносаралық келісімді сақтау жөніндегі мемлекеттік саясатымызды қолдайды/ және бұл қолдаудың деңгейі 84%-ды құрайды.

Комитет құрылған сәттен бастап этносаралық қатынастар саласында талдамалық және болжамдық жұмысты күшейту бойынша шаралар қабылданды. Комитеттің мемлекеттік тапсырмасы арқылы Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты ағымдағы жылы еліміздің барлық өңірлерінде этносаралық саладағы проблемаларға 3 ірі талдамалық зерттеу, сондай-ақ әлеуметтанулық зерттеулер жүргізді. Жыл басынан бері терең әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу үшін еліміздің 8 өңіріне мониторингтік шығуды жүзеге асырды.

Сондай-ақ жыл соңына дейін тағы 2 талдамалық зерттеу жүргізу және 2 мониторингтік шығу жоспарланған.

Комитет қызметінің маңызды бағыты этносаралық шиеленісті анықтау және алдын алу, этносаралық негізде қандай да бір оқиғаларға жол бермеу болып табылады.

Этносаралық қатынастарға теріс әсер ететін әрбір

өңір бөлінісінде орын алып отырған проблемаларға талдау жүргізілді. Осы талдау негізінде этносаралық жағдайдың және проблемалық аймақтардың дамуын болжай отырып, өңірлердің этноәлеуметтік шиеленісінің карталары әзірленді.

Этносаралық саладағы жұмыстың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әкімдіктердің этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі 2021 жылға арналған Модельдік ведомствоаралық жоспары әзірленіп, өңірлерге жіберілді.

Қазақстан этностары интеграциясының негізгі институты ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы жетілдірілуде. Ассамблея қызметі этностарды біріктіруге, мемлекеттік тілді этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде ілгерілетуге, мемлекеттік органдар мен барлық мүдделі этносаралық қатынастар субъектілерінің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған/ әлеуметтік бағдарланған және ағартушылық жобаларды іске асыруға қайта форматталды.

Республикалық және өңірлік деңгейлерде ҚХА-ның 4 базалық жобасы іске асырылуда.

**Анықтама:** 1) «Жалпыазаматтық бірегейлікті қалыптастыру»; 2) «Қазақстандық этностардың алуан түрлілігін рухани-мәдени дәріптеу»; 3) «Көпэтносты Қазақстан: этномәдени генезис»; 4) «Этносаралық ортада қақтығыс көріністерінен бас тартуға бағытталған әлеуметтік қатынастарды дамыту арқылы медиация институтын дамыту»)

Жергілікті атқарушы органдар Этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі бөлімдердің қызметін



оларға тән емес функциялардан босата отырып, күшейтуі қажет деп санаймыз. Өзірленген ұсынымдарды ескере отырып, өңірлердегі этносаралық жағдайға сапалы талдауды, сондай-ақ жанжалды жағдайларды анықтау тұрғысынан Министрлік пен мүдделі құрылымдарды уақтылы хабардар етуді, этносаралық тақырып бойынша ақпараттық кеңістік пен әлеуметтік желілерге жүйелі мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Ағымдағы кезеңде өңірлерде этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты сапалы іске асыруды сақтау маңызды.

Халықпен қоғамдық көңіл-күйдегі әлсіз ақпараттық-түсіндіру жұмысы/ әлеуметтік наразылықтың теріс үрдістеріне алып келеді, бұл азаматтардың белгілі бір топтары арасында наразылық деңгейінің өсуіне әкеледі.

Елімізде орын алған вирустық пандемия мен карантинге байланысты шектеу шараларының қазіргі жағдайы әлеуметтік шиеленісті күшейтеді.

Қалыптасып отырған жағдайды тек адамдарға қол жетімді өзекті мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және қоғамның проблемалары мен сұраныстарын нақты шешу арқылы ғана/ бұзуға болады.

Комитет этносаралық қатынастар саласынан басқа шетелдегі отандастарға қатысты диаспоралдық саясатты іске асыруда.

Оны іске асыру шеңберінде шетелдегі қазақ диаспоралары мен Қазақстанға оралған қандастарды қолдауға бағытталған бірқатар шаралар қамтамасыз етілді.

Біздің ең басты жетістігіміз – этникалық қазақтардың қандас мәртебесін алу процесін оңтайландыру және

«бір терезе» қағидатын енгізу. Бірнеше мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау жүргізілді, соның салдарынан қыркүйек айында осы мемлекеттік қызметті көрсету бойынша іске қосу басталады.

***Анықтама:** мемлекеттік қызмет қандастардың бір өтінішінде мынадай қызметтер көрсетуді көздейді: 1) қандастардың мәртебесін беру немесе ұзарту; 2) қандастар мен қоныс аударушыларды өңірлік квотаға енгізу; 3) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және оларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру; 4) Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруді және одан шығуды қабылдауды тіркеу.*

Бұл мемлекеттік қызмет ұсынылатын құжаттар санын 46-дан 16-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді, қызмет көрсету мерзімі 6 айдан 3-ке дейін, 4-5 мемлекеттік органның орнына қандас 1 құрылымға, Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінеді.

Шетелдегі этникалық қазақтармен және отандастармен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту жалғасуда. 2021 жылы шетелдегі қазақ мәдени орталықтарымен бірлесіп әлемнің/ 13 елінде 31 іс-шара өткізілді, Германия мен Жапонияның тиісті құрылымдарымен ынтымақтастық туралы 2 Меморандумға қол қойылды.

Әлемнің 12 елінде ұйымдастырылған онлайн-сынпытарда ағымдағы жылдың басынан бастап 900-ге жуық адамды қамти отырып, қазақ тілінің 489 сабағы өткізілді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін шетелде 3 «Абай

Uii» үйін ашу жоспарлануда.

22-24 қыркүйекте Түркияда қазақтардың шағын құрылтайын өткізу жоспарланған.

15 өңірде 14 Фронт-офисі бар қандастардық ақпараттық қолдау орталығы құрылды және жұмыс істейді, осы жылы 3 231 өтініш берушіге консультациялық қолдау көрсетілді.

### **Құрметті республикалық лекторийге қатысушылар!**

Алдағы уақытта Министрлікпен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету мақсатында, бірлік пен татулықты, достық пен ынтымақтастықты насихаттайтын түрлі іс-шаралар мен жобалар кешені тұрақты ұйымдастырып, жүзеге асыратын болады.

Президентіміз айтқандай, қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Сондықтан аталған бағыттағы жұмыстарды мақсатты іске асыруға баршаңызды атсалысуға шақырамын.

Алайда, өңірлердегі этносаралық ахуалды талдау көрсеткендей, уақтылы ден қоюды және оларды сапалы шешуді талап ететін бірқатар мәселелер қалып отыр.

Этносаралық қатынастар саласындағы ахуал туралы өңірлер ұсынатын есептік ақпарат толық сипатта болмайды, проблемалық мәселелер және жанжалдасудың туындайтын тәуекелдері туралы толыққанды материалдар ұсынылмаған, тұтастай алғанда ахуал нақты әрі толық бағаланбаған.

Министрлікті уақтылы хабардар етпеу, сондай-

ақ әкімдіктердің жекелеген өңірлердегі жанжалды жағдайлар фактілері бойынша уақтылы пәрменді шаралар қабылдамауы атап өтілді, бұл оларды шешу және этносаралық ахуалды ушықтыру бойынша тиімді шаралардың уақтылы әзірленбеуіне әкеледі.

Өңірлерге мониторингтік сапарлар нәтижесінде әзірленген Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының ұсынымдары толық көлемде іске асырылмайды.

Сондай-ақ, ҚХА «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының өңірлік штабтарының жеткіліксіз тиімді қызметі, өңірлік деңгейде жастар саясатын іске асыруда оның кешенді интеграциясы қамтамасыз етілмегені атап өтеміз.

Бұл орайда жергілікті атқарушы органдар Этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі бөлімдердің қызметін күшейтіп, оларды өзіне тән емес функциялардан босатуы қажет. Әзірленген ұсынымдарды ескере отырып, өңірлердегі этносаралық жағдайға сапалы талдауды, сондай-ақ жанжалды жағдайларды анықтау тұрғысынан Министрлік пен мүдделі құрылымдарды уақтылы хабардар етуді, этносаралық тақырып бойынша ақпараттық кеңістік пен әлеуметтік желілерге жүйелі мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметшілердің санын қысқарту шеңберінде Маңғыстау облысы әкімдігінің Ішкі саясат басқармасында Этносаралық қатынастарды дамыту бөлімінің құрылымдық деңгейі мен штат санын сақтау қажеттілігін ескеруді сұраймын.

Бұл жергілікті жерлерде этносаралық қатынастар

саласындағы мемлекеттік саясатты сапалы іске асыруды қамтамасыз ету қажеттілігіне және осы мәселенің жылдан жылға күшейіп келе жатқан өзектілігіне байланысты болып отыр.

Халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының әлсіз болуы нәтижесінде қоғамдық көңіл-күйлерде әлеуметтік наразылықтың келеңсіз үрдістері жиі білінеді, бұл азаматтардың белгілі бір топтары арасында наразылық деңгейінің өсуіне алып келеді.

Елімізде орын алған вирустық пандемия мен карантинге байланысты шектеу шараларының қазіргі жағдайы әлеуметтік шиеленісті күшейтеді.

Қалыптасып отырған жағдайды тек адамдарға қол жетімді өзекті мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және қоғамның сұраныстарын нақты шешу арқылы ғана өзгертуге болады.

2020 жылғы қыркүйекте Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты мониторингтік топтың Маңғыстау облысына шығуын жүзеге асырды.

Осы тұста мониторинг нәтижелеріне тоқталып өтсем:

**Біріншіден.** Жалпы, Маңғыстау облысындағы этносаралық жағдай «тұрақты» деп бағалануда. Халық арасында олардың қауіпсіздігі туралы алаңдаушылық жоқ. Сонымен қатар, сұралғандар этносаралық қақтығыстардың пайда болу қаупін жоққа шығармайды, олардың себептері: армян және әзірбайжан этностарының қазақ халқының манипуляциясы, жергілікті халықтың оралмандарға деген стереотиптік қатынасы болуы мүмкін.

**Екіншіден.** Елде карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты халықтың экономикалық жағдайының нашарлауы, бұл ілгерілеуде этносаралық жағдайдың тұрақсыздануына әкеп соғуы мүмкін.

**Үшіншіден.** Жергілікті тұрғындардың қандастарға қалыптасқан стереотиптік ойлауы болашақта жанжалды жағдайларға әкелуі мүмкін.

**Төртіншіден.** Еңбекақы төлеудегі елеулі айырмашылық өңірдегі этносаралық жағдайға жанама әсер етуі мүмкін.

Мониторингтік топ келесі шараларды қабылдаудың орындылығы туралы ұсынды:

**Біріншіден,** БАҚ өкілдері арасында қылмыстар туралы жаңалықтар хабарламаларын дайындау кезінде оқырмандардың назарын қатысушылардың этникалық шығу тегіне аудармау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

**Екіншіден,** республикадағы орташа жалақыны есептеу кезінде орташа көрсеткіштерді есептеу формулаларын қолдана отырып, еңбек нарығының өңірлік ерекшеліктерін ескеру қажет;

**Үшіншіден,** әзербайжан және армян этномәдени орталықтарының басшыларымен өңірде қоғамдық келісімді сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет;

**Төртіншіден,** БҚО ҚХА жұмысының үлгісі бойынша жергілікті тұрғындар мен қандастардың қатысуымен олардың арасындағы әлеуметтік қашықтықты азайту жөнінде арнайы әлеуметтік жобалар әзірленуі керек.

Маңғыстау облысының әкімдігіне аталған бағыттағы жұмысты жалғастыру маңызды.

**Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы,**  
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты  
*«Руханият – халық бірлігінің негізі»*

**Құрметті Нұрлан Асқарұлы, қадірлі әлеумет!**

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 1 қыркүйектегі Жолдауын «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» деп атауында үлкен мағына бар.

Жолдау «Халық бірлігі» деген сөзден басталып тұр. Мұнда өте үлкен мән бар! «Қазақ айтпай ма бірлік болмай, тірлік болмас» деп.

Біз көбінесе «ел бірлігі, бір болайық, бірлесіп қызмет атқарайық, қиындықта бірге болайық, жүкті бірге көтерейік» – деп «бірге» деген сөзді қызметте де, тұрмыста да, ағайын-тумаластардың да, дос-жаран арасында да, тіпті халықаралқы дипломатияларда да жиі қолданамыз. Бірақ, қазіргі өмірден көріп отырғанымыз адамдар, әр түрлі топтар, ұлттар, мемлекеттер арасында бірліктен көрі, алауыздық белең алып бара жатыр.

Өткен 20 ғасыр империялар күйреген ғасыр. Бұл ғасырда біріккен мемлекеттер жоқтың қасы, керсінше ыдыраған империялар мен мемлекеттер белең алды. Осман, Ресей, Австро-Венгрия, Германия, Жапония империялары, Британдық Үндістанның екіге бөлінуі, Кеңес Одағының 15 республикаларының ыдырауы. Бұл жерде ыдыраудың да себебі бар еді, өйткені Осман империясынан басқасы халықтарды біріктіру үшін емес, халықтарды қанау, ресурстарды тонау үшін құрылған еді.

Бүгінгі таңда АҚШ пен Ресей, немесе АҚШ пен Қытай, немесе Жапония мен Қытай, немесе Еуроодақ пен Англия араларындағы дау-дамайлар өршімесе, басылған жоқ. Осы гиганттардың арасындағы теке-тірестер әлемдік саяси, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық орасан зор тектоникалық өзгерістерге әкелуде. Соның салдарынан локалды әскери конфликтер орын алып, мемлекеттер талқан болып, миллиондаған халық қырылып және босқын болып, саяси-экономикалық-әлеуметтік экожүйе бұзылды. Кейбір гуманитарлық апаттарға өзіміз де куә болып отырмыз. Сирия, Ливия, Ауғаныстан және басқа да мемлекеттерде болып жатқан жағдайлар.

Адамдар ойлауы мүмкін «бұл табиғи нәрсе, адамзат цивилизациясына тән, адамзат тарихында бұрыннан болып келе жатқан процесс» – деп. Олай деп айтайын десен, цивилизация дамыған 21 ғасырда басы бірікпей жүрген адамдарды, араз болып жүрген топтарды, қақтығыс болып немесе соны туғызып отырған мемлекеттерді басқарып отырған адамдар жоғары білімді, тіпті кейбіреулерінің ғылыми атақтары бар! Өздерін өте мәдениетті санайды! Сонда қалай, қазіргі білім мен ғылым, Ұлыбританияның, Египеттің және басқа да елдердегі кітапханалары мен мұрағаттарындағы, Лувр, Эрмитаждағы және басқа да мұражайлардағы неше ғасыр жиналған дүниелер, қазыналар біріктіруге қызмет етпей тұр ма? Онда олар неге қызмет етіп тұр? Мүмкін біз оларды дұрыс пайдаланбай жүрміз бе? Сонда адамзат баласының басын біріктіретін не?

**90-шы жылдары** ғылымға енді аяқ басып жатқанда,



ғылым жетекшім, ұстазым Достияров Абай айтып еді «Еділ, ғылымда теория ол теория, эксперимент қажет, табиғаттың заңдылықтарын өзгерте алмайсың, жасаған оттығымызды тәжірибелік тұрғыдан зерттеп көрсет маған» – деген.

Ақиқатында қай құбылыстың заңдылығын білгіміз келсек Жаратушының жасап қойған табиғатынан алу қажет. Хакім Абай айтқандай **«Безендірген жер жүзін Тәңірім шебер»**. Себебі табиғат адам баласы үшін ілім мен ғылым іздеуге, пікір жасауға дайын көрнекі құрал.

Енді осы табиғат пен бірліктің қандай қатысы бар? Бүкіл табиғаттағы жанды және жансыз дүниенің құрылымына қарасақ макро әлемде, микро әлемде аса шеберлікпен ұйымдастырылған, арнайы заңдылыққа бағынған, шашырап кетпей, біріккен бір жүйеде қызмет жасауда. Моллекула ядро мен электроннан тұрса, пленатарлық жүйе жұлдыз бен оның серіктерінен тұрады. Олар өз функцияларын мүлтіксіз орындап тұр. Адам араласпаған пәк табиғатта солай. Яғни осы құрылымдарды бір тылысым күш игеріп, цемент құсап біріктіріп тұр. Ғалымдар оны тартылыс күші немесе ядролық күш деп жүр. Егер табиғат дүниелерін осындай күштер біріктіріп тұрса, онда табиғаттың бір мүшесі саналатын адамдарды да біріктіретін күш бар ғой?

**Сонды Ұлыстарды ұйыстырып, ұлттарды ұйытатын не?**

Ұлыс та, ұлтта адамдардан тұрады. Олай болса бар мәселе адамда болып тұр. Ал адам кім? Онда қандай күш бар?

Біріміз білеміз адам Жан мен Тәннен тұрады. Тән

адам баласын біріктіре ала ма? 7 млрд астам тірі Тән жүр жер бетінде, бірігетін болса. Яғни Тән біріктіретін күш емес. Онда мәселе Жан да болып тұр ғой?! Бірақ Жан көзге көрінбейтін нәрсе.

Егер, біз **Огюст Конттың** позитивизіміне сенетін болсақ онда осы жерден тоқтауымыз қажет, бұл тақырыпты жабуымыз керек. Неге?

Конт айтады «**көзіміз көріп, өзге сезімімізбен әбден анықталмаған һәм жаралыс жолы физика ғылымымен тексеріліп, шындығына көзіміз жетпеген нәрсеге әуре болмайық**» – деп.

Шындығында Жанды өлшей алмаймыз, көре алмаймыз, дүниеуаи ғылымымен оны түсіндіре алмаймыз. Жан деген не? Мысалы, өсімдіктерді ботаника, жануарларды зоология, денелерді физика, адам ағзасын медицина зерттейді. Ал, енді Жанды да зерттейтін ғылым бар ма? Егер оны кәсіби ғылым түсіндіре алмаса, оны қайдан іздейміз? Ал, оны біз іздеуіміз қажет. Шәкәрім айтады:

Қапы өткізбе сол кездің сағатын,  
Өкініште қалмайды, кетсе ағатың.  
Күні түні дей көрме, ғылым ізде,  
Қалсын десең артыңда, адам атың.

Ол маңызды сұрақ. Өйткені Ол адамға қуат беріп, тікелей оның әрекетіне әсер етеді!

Оны ең алғашқы ілім көздерінен іздегеннен басқа амал жоқ. Ол ілімдер бар және олар ғасырлар қойнауынан бізге жетті. Соның бірі адамзат баласына жіберілген қасиетті кітап – Құдай сөзі Құран! Бұл жерде бір нәрсені түсіндіріп кеткен жөн. Жалпы дінді көп адам архаизм

көреді, оны бір жеке адамның айналысатын шаруасы деп есептейді.

Шәкәрім қажы айтады:

Дін адам баласын бір бауыр етпек еді,

Оны бұзып дұшпандық қару жасар.

Сөйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді,

Дін де десе білімділер тұра қашар.

А.Энштейннің айтқаны бар ғой «Безбожная наука, хромая наука» – деген.

Хош, енді Құдай Құранда Жан туралы не дейді? Хижр сүресінің 29 аятында **«Унафахту фиһи мирруухи»**, яғни **«Өзімнен адам ұрпағының денесіне рух деген затты үрледім»** дейді. Сонымен қатар Құранда Нәпсі деген нәрсені де біздің тәнімізге ендірген. Адамдағы қуат күштері Рух пен Нәпсі. Осы Рухты өсіріп, Нәпсіні қалай тәрбиелеу үшін де ілім қажет? Неше бір ғұламалар айтып кеткен толық адамды қалай жасаймыз? Оған ілім керек. Яғни, дін дегеніміз адам жүрегіндегі рухани процесстерді зерттейтін ілім. Осы жерде Үндіс қарияның немересімен сұхбаты еске түседі. Адам ішіндегі жақсы қасқыр мен жаман қасқырдың қайсысы жеңеді деген сұрағына, Атасы немересіне былай деп жауап береді **«Қай қасқырға көп азық бересің, сол жеңеді»** – дейді.

Олай болса ол адам рухын күшейтетін азық керек. Мәтжан би айтқандай адамда көже қарын мен көңіл қарын болады деп. Сол көңіл қарнын тойдырмай, көже қарынмен халықтар бірлігін, ел бірлігін жасау мүмкін емес. Көңіл қарынды, рухты немен тойдырамыз? Оның **«азықтарын»** концептуалды түрде екіге бөлуге бола-

ды: шартты және шартсыз деп. Оларға терең тоқталмай ақ қояйық, оған қазір уақыт тар. Бүгінгі миссиямызға сай келетін рухани азықтар ол ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жыр-күйі, эпостар мен ертегілер, мақал-мәтелдер, яғни күллі мәдениетіміз бен тұрмыс-тіршілігімізге сіңіріп тастаған мұралар, олар жаңа айтылған іліммен суарылған. Келіндердің сәлем етуі, ата-ананы құрметтеу, ұстаздың алдын кеспеу, ысырап жасамау, бөлінгенді бөрі жейді т.с.с. мысалдарды келтіре беруге болады. Тоқ етері Руханият деп жүргеніміз сол рухты жандандыратын азықтардың жиынтығы! Бұл біздің ядролық ақпаратымыз! Рухани жандану үшін бүкіл ата бабадан қалған ілімізді, дәстүрді, салтты жандандыру керек. Рухани ренессанс осы деп ойлаймын. Әрине жаңа заманына қарай. Дінді құр құлшылық демей, ілім деп түсіну керек және соған терең үңілуіміз қажет. Осы рухани азықтардың ақпараттық кеңестікте жоқ болғанынан, идеологияды ұтылып, ұрпағымыз мәңгүрттеніп бара жатыр. Ақпараттық кеңестіктегі контентке осы қазақ руханиаты тұрғысынан қараңыз, жүректі оятатын дүние өте аз. Содан ауылда өскен баланың ана тілінде емес, басқа тілде шүлдірлеуі.

Міне осы Рух орналасқан Жүректі ластан тазалап алмай, оны жаңағы «азықтармен» қуаттамай қалай елін ойлайтын, бірлікті ойлайтын адам қайдан пайда болады?

Рухтың қызметінің көрінісі бар ма деген сұрақ туындайды? Тарихта мысал көп. Спартактың көтерілісі, имам Шамильдің Ресей империясына 25 жыл күресуі, Үш

жүздің бірігіп мұздай қаруланған жоңғар әсерін жеңуі, Қараған босағадағы Адайдың 60 батырының өзінен 3-4 есе көп жауды талғандауы, Иса-Досан көтерілісі, Бауыржан Момышұлының қоршауға түскен батальонының ерлігі, әр ұлттан тұратын 28 панфиловшылардың Дубосековадағы 50 шақты неміс танксіне қарсы айқасы, тағысын тағы. Рухы мықты адамның иманы мықты. Иманы мықты адам, арын, отбасын, отаны үшін жанын пида етеді. Яғни мәселе рухта, руханиятта болып тұр. Жақсы қазекемді осылай оятармыз, басқа бізбен бірге өмір сүріп отырған ұлттарды қалай қасымызға біріктіреміз?

Осы қалада әкім болып тұрған кезде 20-шақты этно-мәдени орталықтармен біздің бастамызбен «Бір шаңырақ астында» әлеуметтік жобаны іске асырдық. Бұл жоба басында қалалық болатын, бірінші шарадан ақ ол халықаралық дәрежедегі сипат алды. Басты идеямыз мынау болды. Бір заманда өмір сүрген қазақпен біздегі ұлттың белгілі ғұламаларының өмірі мен шығармашылығын қатар насихаттау болды. Мысалы Абай мен Пушкин, Жамбыл мен Расул Гамзатов, Мақтымқұлы пірағы мен Абыл шығармалар екі тілде сөйледі. Ақтау төрінде Манаста ырланды, Навои, Низами, Тарас, Тоқай жастар тілімен сөйледі. Осы біздің жобадан кейін әлеуметтік зерттеулер жүргіздік. Жоба кезінде, одан кейін өңірде ұлт аралық, конфессия аралық қақтығыстар орын алған жоқ. Бұл жобаның тағы бір пайдасы Ақтау қаласының көрші мемлекеттердің қалаларымен экономикалық және гуманитарлық байланыстары артты, біздегі ұлт аралық татулық шетелдерге үлкен үлгі болды.

Қазақ ұлтының айналасына бізде өмір сүріп отырған этностарды біріктіретін маңызды факторларының бірі – олардың руханиятты дәріптеп жүрген ғұламаларын насихаттау. Себебі рухқа азық беретін рухани құндылықтар, адамзат баласына ортақ. Руханиятпен сусындаған адамдар жеке басынан, жеке ұлт мәселесінен көрі, адамзат мәселесін алға қояды. Жүрек тыныштығын іздейді, елдің бірлігін көксейді.

Қазақстан халық ассамблеясына осындай жұмыстарды барлық өңірлерде қолға алса деген ұсыныс айтқым келеді.

Бүгінгі шараның осы өңірде өтуі бізді қуантып отыр. Өйткені Түркістаннан кейін, руханиятымыздың кең қанат жайған жері Маңғыстау. Сол руханиятқа қызмет еткен неше бір ілім иелері осы жерде мәңгілік қоныс тапқан. Шопан Ата, Дәніспан Ата, Шақпақ Ата, Сисем Ата, Қараман Ата, Қапам Ата, Масат Ата және басқа да әулиелер. Қожа Ахмет Ясауи бабамыздан басталып, осы бабалардан қалған һәл ілімін, Шәкәрім атамыздың айтып кеткен Ар ілімін егу, елді ойлайтын, халық бірлігіне қызмет ететін адамды қалыптастырады. Бізде қоғамды «идеологиялық вирустан» қорғайтын иммунитет пайда болады. Қазіргі Тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалаушы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» кітабында былай дейді. «Қазақстан аумағында сопылық дәстүрдің негізін салып, оны түркілік дәстүрмен үндестірген әйгілі тұлға – Қожа Ахмет Ясауи, оның кесенесі байырғы Түркістанда орналасқан. Ясауидің тікелей жанқиярлық еңбегінің арқасында ғана қазақ тайпаларының ұлттық ортасын-

да Ислам канондары мен далалық дәстүр үндестік тапты, қазақ халқының арасында күні бүгінге дейін оның есімін кие тұтып, көптеген түркі тілдес мұсылмандар үшін «Екінші Мекке» болған оның кесенесіне тауап етеді».

**Ескере кететін бір мәселе. Дін саясатқа араласпауы керек. Дін саясиленсе онда ол дін емес. Дін барлық дүние затынан жоғары тұрған ілім, жүректің тыныштығын, рухты өсірудің жолдарын іздейтін ғылым.**

Екінші бір көңілге жағатыны нәрсе, өзі қазақи, осы руханиятқа жаны жақын облыс әкімінің Маңғыстауға қызметке келуі және осы руханиятты жандандыруға күшін аямайды деп есептеймін.

Үшінші осы руханият білім беру ордаларында, кәсіпорындарда мемлекеттік қызметшілер арасында жүйелі және жоспарлы түрде қолға алыну керек. Әйтпесе рухани ядролық ақпаратымызды ішкі және сыртқы жаулар талқандайды, соған жұмыстаныпта та жатыр. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілерді рухани жағынан тәрбиелеудің үлкен маңызы бар. Өйткені мемлекеттің саясатын жүргізетін, оның экономикасын өркендетуге ықпал ететін топтың, ең алдыңғы қатарында солар тұр.

Тоқсан сөздің тобығы Рухқа беретін азықты көбейтейік, сонда Халықта бірге болады, жаңа реформаларда іске асады, Қазақстанда өркендейді.

**Садвокасова Айгуль Какимбековна,**

заместитель директора

ТОО «Институт прикладных этнополитических исследований», председатель Научно-Экспертного совета АНК, доктор социологических наук  
*«Современные тенденции развития межэтнических отношений в Казахстане»*

Современные тенденции связаны с комплексными процессами в социальной жизни общества, изменением фокуса государственного регулирования и влияния открытых социальных сетей.

Современные процессы модернизации нацелены на адаптацию человеческого сообщества к условиям быстро меняющейся окружающей среды.

Масштабность этих процессов можно наблюдать во всех сферах человеческого общества: экономика, политика, экология, наука, медицина, образование. Особенно эти процессы стали явными и быстроразвивающимися в период пандемии КОВИД-19.

Расширение географических границ некогда понятных миру экономических и политических систем привело к формированию совершенно непрогнозируемых феноменов.

Наиболее важные вызовы современности, о которых сейчас часто говорят:

1. высокий уровень современной дифференциации, высокая концентрация капитала вокруг традиционных способов получения прибыли;

2. демографический рост и урбанизация, рост продолжительности человеческой жизни;



3. быстрое устаревание и девальвация ценности знания;

4. цифровая реальность как сфера жизни.

Современность стала чаще выражаться в крайних формах поведения, мышления и образе жизни отдельных людей и целых групп. Традиционные представления об этносах, религиях, сообществах стали меняться под влиянием изменения представлений о пространстве, времени, локальности и глобальности.

Исследование этнических представлений о традициях и современности в трендах, меняющих старые феномены под влиянием информационного пространства и политики, позволяют в определённой степени сформулировать позицию современной ситуации.

Казахстан является одной из тех стран, где представлены поликультурность, полиязычие, поликонфессиональность, полиэтничность. Такие традиционные и классические параметры социальности человека – этническая, религиозная принадлежность стали развиваться в новых социальных условиях, не меняя свои критерии чувствительности и адаптивности.

Важно понимание текущего времени, когда происходит изменение в сознании людей, меняется окружающая среда. Защитные функции социального окружения становятся наиболее актуальными. Ее сохранение и развитие зависит от баланса между тем, что остается в ядре и тем, что изменяется.

Если обратиться к работам последнего десятилетия, то набор вопросов, которые пытаются обозначить современное состояние человечества:

- «войны идентичностей»;
- рост влияния религиозных взглядов и ценностей;
- рост этнических конфликтов;
- изменение трудовых отношений: все больше людей будет работать и все меньше – иметь рабочее место;
- реорганизация времени: несоответствие скорости принятия решений и развития процессов;
- устаревание знаний: устранение разрыва в сборе данных и их актуальности;
- наукоемкая экономика, искусственный интеллект;
- разрыв поколений индустриального и постиндустриального общества.

В первой половине 21 века на постсоветском пространстве шли попытки объяснения моделей национального развития. При этом основной упор делался на необходимость дать исчерпывающий ответ на вопросы что такое «этнос» и что такое «нация».

Вопрос интеграции этнических групп как главной задачи государственной политики стал одним из наиболее обсуждаемых. Причем он рассматривается с точки зрения изменения баланса этнических групп и их понимания места и роли в жизни страны.

**Во-первых**, повышение *удельного веса казахского населения* создает новую информационную среду. Если русскоязычное и казахоязычное пространство оставались до настоящего времени в собственных границах, то эти границы расширились (в основном за счет социальных сетей). Они стали пересекаться в пространстве доступа к социальным благам, принятию решений, участию в управлении. У некоторых групп это вызывает

дискомфорт и ведет к росту ксенофобских настроений.

**Во-вторых**, сохраняется *этнический маркер регионов* страны, что создает границы для включения различных этнических групп в процессы интеграции. Сохраняются закрытые этнические сообщества по территориальному и культурному признаку, что ведет к их консервации и замкнутости.

**В-третьих**, повышение требования *к знанию государственного языка* и его повсеместного использования. Участились социальные конфликты на языковой почве, в общественных местах, при получении услуг. На фоне изменения графики казахского языка с кириллицы на латиницу возникают вопросы культурного отчуждения между различными этническими группами.

В современном казахстанском обществе есть умеренные признаки появления и упрочнения *гражданской идентичности* среди населения. Вместе с тем, этническое понимание и связанные с этим различия остаются важными маркерами идентичности.

В общественном дискурсе остаётся неопределенной концептуальная задача, – какова модель идентичности. Открытыми остаются следующие вопросы:

- Как оптимальным образом можно совмещать *конфликтующие идеологии «казахстанской нации» и этнического мультикультурализма?*

- В какой степени этнокультурные идентичности относятся к *публичной сфере и личной свободе*, и должны ли они быть признаны и поддерживаться в общественной жизни?

- Как обеспечить *равные возможности* для этнически разнообразного населения?

- Какие факторы влияют и способствуют развитию *гражданской национальной идентичности*?

Социальная дифференциация казахской части населения (2020). Выборка 6 800, общенациональная, репрезентативная по полу, возрасту, образованию, типу поселения

В целом, подавляющее большинство из 6800 опрошенных респондентов отмечают, что гордятся тем, что являются казахами (86,1%), 80,2% гордятся тем, что являются гражданами Республики Казахстан (14% не задумывались над этим вопросом ранее). Основными причинами для гордости, как указано в диаграмме, выступают гордость за независимость страны (48,2%), наличие богатых природных ресурсов (47,5%), история страны (38,6%), мир и спокойствие (26,5%), огромная территория (26,5%), национальные традиции (25,5%), казахский язык (21,4%). Остальные параметры, такие как, развитие науки и технологии, активная молодежь, религия, литература и искусство не набрали и 10%.

Важными консолидирующими факторами для национальной гордости также выступают национальные традиции (за исключением ЗКО, всего 18%), мир и спокойствие за исключением: Актыубинская область (18,7%), Атырауская область (15%) и Кызылординская область (18,4%).

При этом, в разрезе возрастов, картина более однородная, так для большинства граждан, вне зависимости от возраста важность составляют независимость страны (48,2%), наличие богатых природных ресурсов (47,9%) и богатая история Казахстана (38,9%). Остальные значимые показатели (более 20%) не набирают и 30% в среднем.

Говоря о ценностях, которые доминируют у казахов, необходимо отметить, что практически все отмечают важность семьи и поддержания близких родственных связей. Так, на вопрос насколько важными вы оцениваете сохранение близких родственных связей с членами семьи «важно» и «скорее важно» дали ответы в г. Нур-Султан 39,8% и 40,6%, в Акмолинской области 68,5% и 29,1%, в Павлодарской области 46,0% и 32,4%, СКО 56,7% и 20,2% и в Костанайской области 57,7% и 33,8% соответственно.

При этом мнение касательно изменений в культуре и обычаях казахов немного разделились, если большинство более молодое поколение отмечает, что видит определенные изменения, то более старшее поколение отмечает, что с обретением независимости, молодежь начинает потихоньку возрождать казахские традиции, что выражается в соблюдении обычаев при проведении празднеств. Одной из главных традиций, как отмечают, также все респонденты является уважение к старшим и воспитанность. При этом практически все согласны, с тем, что имеется определенное изменение культуры казахов, практика поддержания тесных связей даже с дальними родственниками потихоньку исчезает.

Также, говоря о будущем казахских ценностей, казахской семьи, казахских традиций, то многие отмечают, что идет постепенное видоизменение обычаев и традиций, одной из причин называется глобализация и изменяющийся мир. Вместе с тем, данный тренд указывается не в негативном ключе, а скорее, как часть эволюционного процесса развития.

**Әлпейісова Камал Әбілқасымқызы,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
жазушы, аудармашы,  
Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі  
*«Болашақ тізгінін ұстар ұрпақ тәрбиелеу»*

Осындай жиындарға барып, ел алдына шыққанда мен өзімнің мына сіздер сияқты залда отырып, әңгімелер тыңдаған кезімді еске аламын. Менің мектебім Торғай облысы ашылғанда Арқалық қаласындағы жалғыз қазақ мектебі болды. Сондықтан жас облысқа келген қазақ зиялы қауымының көрнекті өкілдерінің біздің мектепке соқпай кеткені кемде-кем. Қасым Қайсеновтің партизандық жорықтары туралы өз аузынан естіп, Өзбекәлі Жәнібековтың қазақтың этнографиясы туралы ғажап әңгімелерін тыңдадық. Қазір бүкіл қазақ білетін «Арқалықтың ақ таңы» әнінің Шәмші Қалдаяқов пен Мұқтар Шахановтың біздің қалаға келген, бізбен кездескен сапарынан кейін туғанын әлі күнге дейін мақтана айтамыз.

Бұларды айтып тұрған себебім: сол кездесулер Төлеген Айбергенов айтқандай, «ғұлама жылдар сыбдырлатқан парақтардың» арасында кетсе де, келген кісілер айтқан әңгімелер зая кеткен жоқ. Біздің бойымызда ата-ана мен мектеп қалаған адамгершілік, отаншылдық сезімдерінің іргетасын бекітіп, елге пайда келтіруді мақсат тұтқан, жұртымыздың жоғын жоқтайтын, ғылымның тың жолдарымен жүретін азамат болып қалыптасуымызда сол кездесулердің де әсері болғаны анық.

Осы отырған кісілердің бәрі де – сондай жолдардан өтіп, жұртпен риясыз әңгіменің берері көп екенін ұққан жандар. Араларыңызға сол үшін келдік.

Қыздың жолы жіңішке дейді халқымыз. Және сол – абайсыз бассаң аяғың тайып кететін жіңішке жолмен жүретін баласының мойнына ең маңызды міндетті – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІН жүктепті.

Менің анам «Уа, Құдайым, бала бер, Бала берсең – сана бер; Сана бермесең – ала бер» деп отыратыны есімде. Есейе келе «ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН» деп, және «АНА ТІЛ» деп, бір-ақ ауыз сөзбен түйіп, осындай – бүкіл ұлт болашағына қатысты мәселелерді неге әйел затының мойнына артты екен?» деп ойлайтын болдым. ТІЛ болмаса ҰЛТТЫҢ болмайтыны белгілі. Сол сияқты ұрпағың саналы болмаса – оның барынан жоғы артық емес пе?

Меніңше өзіне осындай сұрақтар қоятын аналар өте көп. Біразы осы залда да отыр. Бәрімізді ақылды, саналы, кемел ұрпақ тәрбиелеу мәселесі толғандырады. Өйткені ел тізгінін ұстайтын – біздің ұрпағымыз.

Биылғы жылғы соңғы қоңырауда астананың бірнеше мектебінде менің түлектерге арналған өлеңім оқылды:

Тайсалмаңдар қиындықтар кез келсе,  
Жамандықты, жалғандықты көз көрсе.

**Ахметов Берик Бахытжанович,**  
президент некоммерческого акционерного общества  
«Каспийский университет технологий и инжиниринга  
им. Ш.Есенова, кандидат технических наук  
*«Третья миссия университета: интеграционные тренды  
по вовлечению в социокультурные региональные процес-  
сы» (на опыте Университета Есенова)*

**Саламатсыздар ма, құрметті жерлестер,  
кадірлі қонақтар!**

Көптеген ұлттар мен ұлыстарға құтты мекен болған Маңғыстау өңірінде елдегі бірлік пен келісімнің ұйытқысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен өткізіліп отырған қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық моделін насихаттау жөніндегі республикалық дәріс залының жұмысына сәттілік, ашық сұхбат және сындарлы шешімдер қабылдауға тілектестік білдіруге рұқсат етіңіздер!

**Уважаемые участники и организаторы  
республиканского лектория!**

В рамках своего выступления хочу рассмотреть некоторые интеграционные тренды по вовлечению в социокультурные региональные процессы современных вузов, реализуемые в рамках третьей миссии университета на опыте Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова. Как известно многим, Университет Есенова является центром высшего образования и науки Мангистауской области. Университет на сегодняшний день сумел занять свое место в сфере



казахстанского образования и провозглашает такие ценности, как «открытость, доброжелательность, креативность».

Выбор данной темы обусловлен с все более усиливающимся во всем мире вниманием к вкладу, который университеты вносят в социально-экономическое развитие общества. Эту дополнительную функцию вузов принято называть «третьей миссией» университета.

Идея третьей миссии состоит в расширении фундаментальных функций университета, традиционно основанных только на обучении и исследованиях, включив в них ответственность за внесение полезного вклада в жизнь общества. Таким образом, университет из «обучающего анклава» превращается в «ключевой элемент города, региона». Такая расширенная цель в значительной степени поддерживается Принципами ответственного управленческого образования (PRME, 2021), инициативой Организации Объединенных Наций, направленной на приведение высших учебных заведений в соответствие как с ценностями социальной ответственности, продвигаемыми Глобальным договором ООН, так и принципами устойчивости, заданными Целями устойчивого развития (ЦУР, 2021). В настоящее время по результатам академических и эмпирических исследований, можно выделить три основных направления в практическом применении идеи третьей миссии:

- передача новых технологий и знаний из университетов в промышленность как способ стимулирования инноваций (Miller et al., 2018; Ankrah & Al-Tabbaa, 2016);
- популяризация предпринимательских навыков в

обществе для содействия развитию бизнеса (Vorley, T. & Nelles, J. 2009; Etkowitz, H. 2004);

- процесс социального взаимодействия как механизм создания общественной ценности и продвижения социального капитала (Carl, J. & Menter, M. 2021; Vargiu, A. 2014).

Эти три области являются зеркальным отражением трех основных измерений третьей миссии 1) некоммерческий и социальный подход; 2) предпринимательская направленность; и 3) инновации. Для каждого из этих направлений можно перечислить ряд задач, решаемых разными способами.

В связи с вышеизложенным, нужно отметить, что основная миссия Университета Есенова заключается в обучении, вдохновлении и продвижении исследований для устойчивого развития Мангистауского региона.

Первая и главная цель – преобразование университета в региональный научно-образовательный хаб, направленный на решение региональных проблем, то есть Университет Есенова стремится стать центром инновационных, технологических и социальных преобразований в области. Якорные исследования Университета направлены на решение таких проблем как опреснение воды, переработка отходов, использование возобновляемых источников энергии, повышение качества среднего образования и др.

Одним из приоритетных задач университета в данном направлении является налаживание конструктивного диалога между университетом и гражданским обществом с целью реализации идей и действий, меня-

ющих жизнь общества и сознание людей, то есть вклад в развитие казахстанского гражданского общества.

Вследствие этого, безусловно, актуализируются вопросы социальной солидарности, участия граждан, особенно студенческой молодежи, в укрепление гражданского общества посредством активной жизненной позиции, проявления добровольческих инициатив, взаимопомощи.

В этой связи хочу отметить, что действенной платформой для реализации данной задачи является одна из ключевых инициатив кафедры АНК – проект «Служение обществу», направленный на привлечение студентов к решению реальных социальных проблем Мангистауской области посредством дисциплины «Служение обществу».

Хочу отметить, что не случайным является выбор кафедры АНК для реализации данного проекта. Ассамблея народа Казахстана является одним из ценностей духовного пространства суверенного Казахстана, который содержит глубинный пласт этнической памяти, архетипы мировосприятия, специфику ментальных особенностей казахского народа и выступает символом добродетели, сакральным брендом страны в настоящее время. Нравственные категории добра и милосердия, взаимовыручки и взаимопонимания были мировоззренческой основой этого феномена культуры. На мой взгляд, древние казахские традиции «асар» и «жылу», «ерулік» и др., являются фундаментом нашей Ассамблеи народа Казахстана!

Данный проект нацелен на трансляцию ценностей

нравственности – прочного фундамента построения гражданского общества – и способствует реализации интеллектуального и творческого потенциала обучающихся.

Студенты, пропустившие через себя тяжбы, боль, немощь людей, нуждающихся в помощи, вряд ли в будущем хладнокровно пройдут мимо беззащитных детей и социально незащищенных граждан.

На протяжении всего курса студенты становятся духовно богаче, понимая свой вклад в полезное для общества дело. У них меняется восприятие мира и появляется осознание того, что их руками делается что-то действительно важное.

На начало запуска проекта, согласно данным Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК, по основным показателям социальной поддержки населения в Мангистауской области наблюдался рост численности социально-уязвимых слоев населения. Численность зарегистрированных инвалидов по области с 2014 по 2018 годы возросла на 5884 человек, численность детей с ограниченными возможностями – на 2132 человек, численность людей проживающих в учреждениях для престарелых и инвалидов и психоневрологических медико-социальных учреждениях – на 32 человек.

Открытие центра было связано с особой актуальностью данной работы и позволило создать систему координации и методической поддержки добровольческой деятельности молодежи, сформировать карту социальных потребностей города и региона. Существен-

ное отличие методики обучения служению обществу от других программ заключается в синхронизированном результате, как на практике, так и в теоретическом обучении. Важной задачей данной методики является интеграция процесса служения и обучения в единое образовательное пространство всего вуза.

Во время обучения студенты знакомятся с основными концепциями и определениями Целей устойчивого развития, инициированных ООН, прав человека, инклюзивности и демократических ценностей.

Обучение дисциплине «Служение обществу» является обязательной для всех специальностей вуза и раскрывается по следующим ключевым составляющим образовательного трека:

- Участие в проекте и его публичная защита;
- Теоретическое образование;
- Цели устойчивого развития;
- Работа с общественностью;
- Вовлеченность НПО и государственных органов;
- Трансфер знаний и опыта.

Особую актуальность среди студенческой молодежи имеют проекты, оказывающие поддержку одиноким престарелым людям, инвалидам, воспитанникам детских домов, интернатов и детям с ограниченными возможностями. Для успешной реализации программы заключено более 25 соглашений о партнерстве с такими учреждениями, как «Дом мамы», «Детская деревня», Кабинет психолого-педагогической коррекции, «Дом малютки», «Дом престарелых», Областной клуб инвалидного спорта и др. В итоге, с 2018 по 2021 гг. в Универ-

ситете Есенова по дисциплине «Служение обществу» в течение 6568 учебных часов 3863 студентов прошли обучение, реализовав более 700 социальных проектов. Нужно отметить, что стейкхолдеры проекта принимают участие на всех этапах обучения: подготовка, реализация и оценка. В идеале обучение служению – это процесс расширения возможностей студентов, преподавателей и членов сообщества, поскольку вместе они являются соучениками и соучителями в создании лучших сообществ.

Сотрудниками центра проводится аналитическая работа по изучению и дальнейшему продвижению проекта. Только за 2020 г. в целях обеспечения конструктивного диалога о современном состоянии и дальнейшем развитии деятельности центра были организованы: круглый стол «Проект «Служение обществу»: современное состояние и перспективы развития», дискуссия на тему «Проект «Служение обществу» в условиях карантина: новые методы и инструменты», научно-практическая онлайн-конференция «Студенческое волонтерство: современное состояние, проблемы, перспективы» и другие мероприятия с участием стейкхолдеров проекта. Презентация «Дисциплина «Служение обществу» как инструмент формирования добровольческой активности и социальной солидарности студенческой молодежи» была включена в сборник методического вебинара на площадке Северо-Казахстанского университета имени М.Козыбаева

11 апреля 2019 г. в ходе рабочего визита Президент РК К. Токаев ознакомился с работой Центра «Служение обществу» и дал о его работе положительный отзыв.

Деятельность центра получила еще большую ак-

туализацию в связи с предложением Президента РК К.Токаева на официальной церемонии закрытия Года волонтера от 8 декабря 2020 г. о введении во всех образовательных учреждениях тематических занятий и факультативных часов, связанных со служением обществу, и поручением Первого Президента РК Н. Назарбаева на Заседании Совета АНК от 11 ноября 2020 г. о разработке мер, направленных на углубление процессов интеграции общества в связи с существующим запросом на новую, инклюзивную политику в сфере межэтнических отношений.

В настоящее время центр «Служение обществу» для студентов является главной диалоговой площадкой по обсуждению актуальных проблем региона, формированию социальной компетентности и добровольческой активности, мотивируя их проявлять инициативы в решении релевантных задач.

Университет Есенова, как социально-ориентированный университет, нацелен на дальнейшее продвижение и развитие проекта, являющегося эффективной системой взаимопомощи и поддержки со стороны институтов гражданского общества, вузов и государства. Обучение служению обществу – отличный способ в достижении академических целей и внесении личного вклада в формирование среды с уникальным культурным капиталом и положительным эмоциональным потенциалом, так называемой «жизненной силой места» (*cultural vitality*), являющимся ключевым критерием жизнеспособности, креативности и привлекательности пространства любого региона. А еще... работа над проектом показала, что доброта и милосердие не имеют ни языковых, ни

этнических, ни религиозных границ и являются поистине непревзойденными ценностями по консолидации общества.

### **Құрметті дәріске қатысушы отандастар!**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекетіміздің болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз... Диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтастығымыз бен бірлігімізге негіз болатын озық құндылықтарды дәріптеу біз үшін маңызды. Біз бірге болсақ қана, теңдессіз елдік бірегейлігімізді нығайта аламыз» деп атап көрсеткендей, бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық бірегей үлгісі аясындағы озық жобалар, игі бастамалар жалғасын таба берсін! Есенов университеті өлкенің қарқынды дамуына лайықты үлес қосуға алдағы уақытта да атсалысуға дайын!



**II БӨЛІМ**  
**Жамбыл облысы**  
*2021 жылғы 16-17 қыркүйек*

**II ЧАСТЬ**  
**Жамбылская область**  
*16-17 сентября 2021 года*

## **Шойкин Ғалым Нұрмағамбетұлы,**

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі  
Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің  
төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты  
*«Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
қоғамдық даму министрлігінің этносаралық  
қатынастарды дамыту комитетінің қызметі тура-  
лы» / «О деятельности Комитета по развитию ме-  
жэтнических отношений Министерства информации  
и общественного согласия Республики Казахстан»*

### **Құрметті республикалық лекторияға қатысушылар!**

Тәуелсіз еліміздің 30 жылдығына әр алуан этностардың жарасымды татулығымен аяқ басып келеміз. Тарихымыз тұғырлы, ауызбіршілігіміз өзгеге үлгі. Бүгінде Қазақстан азаматы атанып, бірге туып, біте қайнасқан 100-ден аса этностардың Отанымыздың өркендеуіне қосып отырған үлесі зор.

Елбасы - Нұрсұлтан Әбішұлы мен Президентіміз - Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жүзеге асып жатқан мемлекеттік саясаттың басты басымдылығы - Қазақстан халқының ырыс-ынтымағын арттыру. Осы жолда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, соның ішінде Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті тарапынан тиісті шаралар қолға алынуда.

Комитет этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырып, оның іске асырылуын үйлестіруді барлық деңгейлерде жүзеге асырады.

Комитет қызметінің тағы бір маңызды бағыты - этносаралық шиеленістерді алдын алу, жағымсыз

оқиғаларға жол бермеу.

**Енді өз сөзімде біздің жұмысымыздың кейбір бағыттарына тоқталуға рұқсат етіңіз.**

**Бірінші.** Комитет талдамалық және болжамдық жұмысты күшейту бойынша кешенді шаралар ұйымдастыруда. Тек биылдың өзінде еліміздің барлық өңірлерінде этносаралық жағдай мәселелерін терең зерделеу үшін 10 мониторингтік сапар жүзеге асырылып, далалық зерттеулер жүргізілді, 3 ірі талдамалық зерттеу ұйымдастырылды.

Біз өңірлерде этносаралық қатынастарға теріс әсер ететін проблемаларға талдау жүргіздік. Осы талдау негізінде өңірлердің Этноәлеуметтік шиеленісінің карталары әзірленді. Осы құжатқа сәйкес әкімдіктер анықталған проблемаларды шешуге бағытталған жұмыстар жүргізуде.

**Екінші.** Этносаралық саладағы жұмыстың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әкімдіктердің этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі 2021 жылға арналған модельдік ведомствоаралық жоспары әзірленіп, өңірлерге жүзеге асыруға жолданды. Бұл жоспарда барлық бағыттар және тәсілдер айқындалды.

**Үшінші.** Қазақстандық патриотизм мен этносаралық достықты нығайтуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмысы үйлестірілді. Осы мақсатта Этносаралық қатынастар саласындағы ақпараттық және ақпараттық-түсіндіру жұмысының модельдік жоспары әкімдіктерге жолданып, оның негізінде өңірлік жоспарлар бекітіліп, іске асырылуда.

Мемлекет басшысы 1 қыркүйектегі Жолдауында «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді» деп атап өтті.

Қазақ тілін дамытуға және оның қолдану аясын кеңейтуге, сондай-ақ этностардың мемлекеттік тілді үйренуіне баса назар аударылуда.

**Төртінші.** Этносаралық қатынастар саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігін жоғарлатуды қолға алдық. Жыл басынан бері 14 семинар-тренинг өткізілді, оған 2000-нан мамандар, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық құрылымдарының мүшелері және этномәдени бірлестіктердің өкілдері, журналистер қатысты.

**Бесіншібағыт:** Қазақстан этностары интеграциясының негізгі институты - Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын жетілдіру.

Бұл бағытқа толығырақ тоқталуға рұқсат етіңіз.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында қоғамдық келісімді нығайтудағы басты рөл Қазақстан халқы Ассамблеясында екендігін жеткізді.

Сондықтан қазіргі уақытта біздің Министрлік Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметі жаңғыртылып, ағартушылық және әлеуметтік жұмысқа бағытталуда. Жабық этномәдени қоғамдастықтардың құрылуына кедергі болатын интеркультурализм қағидаттарын қоғам санасына енгізуді жоспарлауымыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының негізгі нәтижесі этнос өкілдерінің бірыңғай қазақстандық қоғамға бірігуі, этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуі, елдегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту болады.

## Уважаемые участники встречи!

В своем нынешнем Послании народу Казахстана Глава государства Касым-Жомарт Кемелович Токаев подчеркнул, что главное проявление Независимости – это сохранение мира и согласия в стране.

Послание является уникальным посланием мира и дружбы, важным сигналом обществу о необходимости беречь и укреплять единство, объединяющие нас ценности - благодаря которым мы 30 лет живем в мире и согласии, построили независимый Казахстан, вырастили поколение Независимости.

Единство народа и системные реформы – это, несомненно, прочная основа для процветания страны. На современном этапе единство народа является одним из главных направлений развития, всестороннего процветания любого государства.

Разрешите остановиться подробнее на идеологических задачах АНК на предстоящий период, которые обозначил перед нами Глава государства.

Во-первых, как известно на XXIX сессии АНК были определены новые принципы и идеологические подходы к проведению государственной политики в сфере межэтнических отношений и интеграции.

Это:

**Первое.** Принцип казахстанского патриотизма, основанного на доверии и взаимодействии между государством и гражданами.

**Второе.** Принцип гражданского равноправия, основанного на реальном равенстве возможностей.

**Третье.** Объединяющая роль казахского языка.

**Четвертое.** Принцип «Единство в многообразии», ко-

торый «у нас на сегодня фактически активно дополняется принципом интеркультурализма».

**Пятый принцип** - принцип постоянной модернизации нации.

В этой связи, мы полагаем, что в реализацию этих принципов и задач должны вовлекаться не только Ассамблея и этнокультурные объединения. Эта инклюзивная задача государственных органов всех уровней и всех институтов гражданского общества.

**Во-вторых**, это укрепление основы нашей уникальной страновой идентичности.

Еліміздің басты заңы – ҚР Конституциясында этносаралық және конфессияаралық қатынастар туралы нормасы «біз, Қазақстан халқы» деген сөздерден басталады, бұл әуел бастан-ақ елдің барлық азаматтарының ортақтығы идеясын білдіру үшін жазылған. Біз біргеміз, біртұтаспыз және үлкен ұлт немесе кіші ұлт деп бөлінбейміз.» Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап Елбасы еліміздегі бірлік пен татулық идеясын жүзеге асыру принципін әрқашан алға қойған болатын.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның даму тарихын бізге өткеннен іздеудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Өйткені біз өзіміз тәуелсіз елімізбен бірге өмір сүріп келеміз. Тәуелсіздіктің қиыншылығын да, жеңісін де, тіпті әрбір қадамын өзіміз де бірге көріп, бірге ілгері басудамыз. Сол себептен де елдің бүгінгі жетістігі мен табысы құдай берген несібе сияқты болып көрінуі де мүмкін. Бірақ, оның олай еместігін, Тәуелсіз елдің бүгінгі әлем сүйсініп отырған жетістігін біз өзіміздің өткеніміз және бүгінімізбен салыстыра отырып, Тәуелсіздіктің отыз жылдық жолын еңсеру бізге оңайға түспегендігін, мұның сарабал жолында Елбасының даналығы мен көрегендігі жатқандығын айтқанымыз дұрыс. Елбасы: «Азат еліміздің жастары Тәуелсіздікке барар жолдың қандай азапты болғанын, қандай құрбандықтар мен сынақтар – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы, ашаршылықтың алапат екі толқыны, қуғын-сүргін мен репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы жаппай қоныс аударудың зардабы арқылы жеткенімізді білуі керек. Мұның өзі өткен та-

рихты қастерлеп, одан сабақ алу үшін қажет. Менің «Тәуелсіздік – бабалар қанымен келген киелі құндылық» дейтінім осыдан», деп айтады.

Ел тәуелсіздігінің басында тұрған, өтпелі кезеңнің барлық қиыншылығын еңсеріп, мемлекетімізді саяси, әлеуметтік, экономикалық дағдарыстарға соқтырмай, бүгінгі көз көрген ынтымақ пен жетістікке қол жеткізген еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қажырлы еңбегін, дұрыс тандаған саясатын әлем жұртшылығы да мойындауда. Қазір тәуелсіз қазақ елінің тарихы жасалды.

Еліміздің Тәуелсіздігі мен Елбасы еңбегінің бір-бірімен тығыз ұштасып жатқандығын, олардың бір-бірімен ажырағысыз егіз ұғым екендігін ақиқат есебінде тарих алдымызға көрсетіп отыр.

Ойымды қорыта келе, Елбасының: «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!» атты алтын сөзі болашақ ұрпаққа ұран болсын деп тілеймін!

**Қасиетті Тәуелсіздігіміз баянды болсын!**

**Микаелян Наринэ Гамлетовна,**  
Председатель Совета медиации АНК.

### **Уважаемые участники лектория!**

Исторически сложившиеся дружеские взаимоотношения между этносами в республике сыграли ключевую роль в формировании правового государства, основной задачей которого является реализация конституционных принципов регулирования межэтнических отношений в стране, с учётом национальных особенностей каждого этноса.

В целях недопущения дискриминации по этническому, религиозному или языковому признаку, казахстанская правовая база с самого начала провозглашения независимости республики, пополнилась международными соглашениями в области прав человека.

Казахстан присоединился к большинству международных договоров и пактов, а также стал членом практически всех международных организаций, провозгласивших защиту прав человека в качестве главной цели.

Но самым главным гарантом и фундаментальной основой в области прав человека является Конституция государства.

Наряду с Конституцией в Казахстане принят ряд законов и указов Президента, которые регулируют сферу межнациональных отношений.

Одним из таких значимых государственно-правовых регуляторов межэтнических отношений стал Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана», который определил нормативные правовые основы

деятельности Ассамблеи и стал государственно-правовым механизмом межэтнических отношений, а также гарантом полноценного развития и правовой защищённости всех этнических групп Казахстана.

Закон определяет статус, порядок формирования и организацию работы Ассамблеи. В нем заложены задачи, принципы и основные направления ее деятельности. Одним из которых является содействие в развитии благотворительности, медиации в сфере общественного согласия и общенационального единства.

Так в 2016 году под эгидой Ассамблеи народа Казахстана образовался институт медиации.

Ассамблея проводит системную работу по развитию данного института. В Республике функционируют 30 Советов медиации, из них один республиканский и 29 региональных, в реестре АНК состоят 2097 медиаторов, региональными кабинетами медиации организована 341 диалоговая площадка.

За 5 лет к медиаторам Ассамблеи поступило более 130 000 (130 271) обращений, по ним было заключено более 67 000 (67 700) медиативных соглашений, остальные были разрешены консультацией (62 501).

Помимо этого, медиаторы АНК на постоянной основе проводят информационно-разъяснительную работу по профилактике и своевременному выявлению конфликтных ситуаций.

За истекший период проведено более 16 000 (16 785) мероприятий с охватом более 300 000 (318 567) человек, сделано более 38 000 (38 586) публикаций в СМИ и социальных сетях.

Тем самым медиаторы Ассамблеи системно и последовательно продвигают идею популяризации института медиации в широких массах населения с использованием всех структур и площадок АНК, в сотрудничестве с государственными органами и профессиональными организациями, с которыми изначально республиканский совет медиации подписал меморандумы.

В казахстанском обществе медиация широко применяется в разных сферах гражданско-правовых отношений, это семейно-бытовые, трудовые, финансовые и иные споры. Но если говорить о социальной роли медиации, то нельзя не отметить, что Ассамблея народа Казахстана с самого начала своего образования выполняла, и продолжает выполнять медиативные функции в сфере межэтнических отношений, примиряя «различные полюса национального сознания», выстраивая гармоничные отношения между этносами Казахстана, обеспечивая их интеграцию в единый народ.

И если рассматривать медиацию в данном контексте, будучи механизмом для обоюдного разрешения споров и противоречий, она также выступает механизмом укрепления национального единства.

21 октября этого года на расширенном заседании Совета Ассамблеи, Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич Токаев, в своем выступлении подчеркнул, что Ассамблея должна стать ключевым органом в направлении этномедиации.

В связи с этим медиаторам АНК необходимо больше уделять внимание вопросам межэтнического характера – предупреждения межэтнического конфликта.

Но при этом нельзя забывать, что межэтнический конфликт имеет свои специфические особенности. Он способен проникать во все другие типы конфликтов, захватывая конфликтные ситуации, сформировавшиеся по другим линиям социального взаимодействия. Он может образоваться вследствие любого бытового конфликта, который может произойти где угодно, в школе, в университете, в организации здравоохранения, на работе, в общественном транспорте, либо это будет обычная ссора между соседями, переросшая с бытового вопроса в межэтническую плоскость, если субъектами противостояния, независимо от причины возникновения конфликта, будут являться представители различных этнических групп. В таком случае данный конфликт будет приобретать этническую окраску и на определенном этапе этнические различия могут стать поводом или причиной возникновения локального межэтнического конфликта.

Поэтому медиаторы АНК работая в разных направлениях должны акцентировать свое внимание на предупреждение возможного проявления конфликтной ситуации межэтнического характера. И если межэтнический конфликт не удалось выявить и предотвратить на стадии зарождения, то тогда необходимо перевести конфликтное взаимодействие сторон в форму диалога. И здесь уже этномедиатор, как посредник, будет принимать в нем участие в качестве профессионального переговорщика, заинтересованного в дружественном урегулировании конфликта. В этом есть большая социальная миссия этномедиации.

Конечно же, всю эту работу необходимо проводить, опираясь на Законодательство РК.

Вот уже 10 лет, как существует Закон «О медиации», принятие которого в 2011 году стало знаковым событием для всей правовой системы Казахстана. В Гражданском Процессуальном Кодексе целая глава посвящена примирительным процедурам. И это еще раз доказывает, что в Казахстане сформирована основа для внедрения данного института в казахстанское общество. Но в свете последних поручений Главы государства нам еще предстоит большая работа по модернизации института медиации и развитию этномедиации в обществе.

В заключении хочу отметить, что в целом казахстанская правовая база позволяет регулировать, как медиацию, так и все остальные отрасли. Но прочность общественного согласия, политической стабильности и общенационального единства в стране, зависит не только от принятых нормативно-правовых актов, но и во многом от правильной национальной политики, устоявшихся традиций, толерантности и миролюбия самого народа Казахстана.



**Микаелян Наринэ Гамлетовна,**  
Председатель Совета медиации АНК.  
*«Предупреждение конфликтов  
на межэтнической почве в молодежной среде»*

В различные периоды свой этап развития цивилизации, самобытной культуры и построения уникального общества прошли все страны. В Казахстане важной исторической закономерностью зарождения государственности стало укрепление дружественных взаимосвязей между представителями всех этнических групп.

Сегодня Казахстан богат своей историей, духовными и социальными ценностями, традициями и обычаями, которые создавались в течение длительного времени и до сих пор живут в современном обществе. А исторически сложившиеся дружеские взаимоотношения между этносами в республике играют ключевую роль в формировании правового государства – самым главным гарантом, и фундаментальной основой которого является – Конституция, в которой четко сказано, что все равны перед законом и судом. Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам.

Наряду с Конституцией в Казахстане принят ряд законов и указов Президента, которые регулируют сферу межнациональных отношений. Однако в казахстанском обществе, как и в любом другом обществе, иногда меж-

ду людьми возникают противоречия, разногласия, споры, которые могут привести к конфликтной ситуации. Иногда эти споры возникают между представителями разных культур, приверженцами разных религий, носителями разных языков, из-за простого недопонимания речи или особенности культуры. Либо конфликт может возникнуть вследствие любого бытового конфликта, который может произойти где угодно, в школе, в университете, в общественном транспорте, либо это будет ссора между соседями, переросшая с бытового вопроса в межэтническую плоскость, если участниками конфликта будут являться представители различных этнических групп. А если такая ситуация будет нести публичный характер, к примеру, транслироваться в СМИ или социальных сетях, то она может быть воспринята обществом эмоционально, и таким образом оценена неоднозначно, и вследствие чего может получить широкий резонанс или уже стать поводом или причиной возникновения локального межэтнического конфликта, который будет сложно урегулировать без каких-либо последствий.

Поэтому очень важно понимать, что в многонациональном обществе всегда можно встретить людей разных стереотипов со своими ценностями, с различным мышлением и поведением, можно услышать разные языки, увидеть обычаи, традиции, национальную символику, но это не будет означать, что эти люди не являются патриотами нашего государства, это лишь будет говорить о том, что развитие национальных традиций этнических групп, языковое многообразие, религиозная толерантность, все это является ценным элементом

культурного наследия Казахстана, который нужно сохранить для сплоченности и развития нашего общества, и не в коем случае не переступать эту тонкую грань между межэтническим согласием и межэтническим противоречием.

**Благодарю за внимание!**

**Батыржан Тлеубайұлы Жарке,**  
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі  
этносаралық қатынастарды дамыту  
комитетінің басқарма басшысы  
*«Этносаралық қатынастарды дамыту  
комитетінің қызметі және орта мерзімді кезеңге  
арналған басымдықтарды іске асыру туралы»*

**Құрметті республикалық лекторияға  
қатысушылар! Қадірлі депутаттар!**

Тәуелсіз еліміздің 30 жылдығына әр алуан этностардың жарасымды татулығымен аяқ басып келеміз. Тарихымыз тұғырлы, ауызбіршілігіміз өзгеге үлгі. Бүгінде **Қазақстан азаматы атанып**, бірге туып, біте қайнасқан 100-ден аса этностардың Отанымыздың өркендеуіне қосып отырған үлесі зор.

Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы мен Президентіміз – Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жүзеге асып жатқан мемлекеттік саясаттың басты басымдылығы – Қазақстан халқының ырыс-ынтымағын арттыру. Осы жолда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, соның ішінде Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті тарапынан тиісті шаралар қолға алынуда.

Комитет этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырып, оның іске асырылуын үйлестіруді барлық деңгейлерде жүзеге асырады.

Комитет қызметінің тағы бір маңызды бағыты

– этносаралық шиеленістерді алдын алу, жағымсыз оқиғаларға жол бермеу.

**Енді өз сөзімде біздің жұмысымыздың кейбір бағыттарына тоқталуға рұқсат етіңіз.**

**Бірінші.** Комитет талдамалық және болжамдық жұмысты күшейту бойынша кешенді шаралар ұйымдастыруда. Тек биылдың өзінде еліміздің барлық өңірлерінде этносаралық жағдай мәселелерін терең зерделеу үшін **10** мониторингтік сапар жүзеге асырылып, далалық зерттеулер жүргізілді, **3** ірі талдамалық зерттеу ұйымдастырылды.

Біз өңірлерде этносаралық қатынастарға теріс әсер ететін проблемаларға талдау жүргіздік. Осы талдау негізінде өңірлердің **Этноәлеуметтік шиеленісінің карталары** әзірленді. Осы құжатқа сәйкес әкімдіктер анықталған проблемаларды шешуге бағытталған жұмыстар жүргізуде.

**Екінші.** Этносаралық саладағы жұмыстың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әкімдіктердің этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі **2021 жылға арналған модельдік ведомствоаралық жоспары** әзірленіп, өңірлерге жүзеге асыруға жолданды. Бұл жоспарда барлық бағыттар және тәсілдер айқындалды.

**Үшінші.** Қазақстандық патриотизммен этносаралық достықты нығайтуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмысы үйлестірілді. Осы мақсатта **Этносаралық қатынастар саласындағы ақпараттық және ақпараттық-түсіндіру жұмысының модельдік жоспары** әкімдіктерге жолданып, оның негізінде өңірлік жоспарлар бекітіліп, іске асырылуда.

Мемлекет басшысы 1 қыркүйектегі Жолдауында «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басымы бағыттарының бірі болып қала береді» деп атап өтті. Қазақ тілін дамытуға және оның қолдану аясын кеңейтуге, сондай-ақ этностардың мемлекеттік тілді үйренуіне баса назар аударылуда.

**Төртінші.** Этносаралық қатынастар саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігін жоғарлатуды қолға алдық. Жыл басынан бері 14 семинар-тренинг өткізілді, оған 2000-нан мамандар, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық құрылымдарының мүшелері және этномәдени бірлестіктердің өкілдері, журналистер қатысты.

**Бесінші бағыт:** Қазақстан этностары интеграциясының негізгі институты – Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын жетілдіру.

Бұл бағытқа толығырақ тоқталуға рұқсат етіңіз.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында қоғамдық келісімді нығайтудағы басты рөл Қазақстан халқы Ассамблеясында екендігін жеткізді.

Сондықтан қазіргі уақытта біздің Министрлік Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметі жаңғыртылып, ағартушылық және әлеуметтік жұмысқа бағытталуда. Жабық этномәдени қоғамдастықтардың құрылуына кедергі болатын **интеркультурализм қағидаттарын** қоғам санасына енгізуді жоспарлаудамыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының негізгі

нәтижесі этнос өкілдерінің бірыңғай қазақстандық қоғамға бірігуі, этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуі, елдегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту болады.

### **Уважаемые участники встречи!**

В своем нынешнем Послании народу Казахстана Глава государства К.К. Токаев подчеркнул, что главное проявление Независимости – это **сохранение мира и согласия** в стране.

Послание является уникальным посланием мира и дружбы, важным сигналом обществу о необходимости беречь и укреплять единство, объединяющие нас ценности – благодаря которым мы 30 лет живем в мире и согласии, построили независимый Казахстан, вырастили поколение Независимости.

**Единство народа и системные реформы** – это, несомненно, прочная основа для процветания страны. На современном этапе единство народа является одним из главных направлений развития, всестороннего процветания любого государства.

Разрешите остановиться подробнее на идеологических задачах АНК на предстоящий период, которые обозначил перед нами Глава государства.

**Во-первых**, как известно на 29 сессии АНК были определены новые принципы и идеологические подходы к проведению государственной политики в сфере межэтнических отношений и интеграции.

Это:

**Первое.** Принцип казахстанского патриотизма, основанного на доверии и взаимодействии между государством и гражданами.

**Второе.** Принцип гражданского равноправия, основанного на реальном равенстве возможностей.

**Третье.** Объединяющая роль казахского языка.

**Четвертое.** Принцип «Единство в многообразии», который «у нас на сегодня фактически активно дополняется принципом интеркультурализма».

**Пятый принцип** – принцип постоянной модернизации нации.

В этой связи, мы полагаем, что в реализацию этих принципов и задач должны вовлекаться не только Ассамблея и этнокультурные объединения. Эта инклюзивная задача государственных органов всех уровней и всех институтов гражданского общества.

**Во-вторых,** это укрепление основы нашей уникальной страновой идентичности.

В первую очередь, это касается ценностных ориентиров и четкого образа будущего Казахстана, а также прогрессивных ценностей, лежащих в основе нашей внутренней солидарности и единства.

**В-третьих,** Ассамблее поручено развивать культуру цивилизованного диалога и взаимоуважения, развивать традиции гражданского участия.

Эту задачу должны выполнять все структуры Ассамблеи, поскольку АНК всегда была и остается общенациональной диалоговой площадкой институтов гражданского общества.

**В-четвертых,** нам следует эффективнее работать в отношении негативной информации, которая отравляет сознание молодежи, внушает ложные смыслы и недолговечные ценности.

Сегодня это стало угрозой нашей безопасности, нашей



идентичности и национальному коду.

Вместе с тем, мы полагаем, что далеко не все члены АНК осознают эту опасность, не выступают в СМИ, обходят острые темы. Мы считаем, что активная жизненная позиция – это одно из главных качеств каждого члена АНК.

Ассамблея народа Казахстана в современных условиях – это уникальный общественный орган, защищающий идеологию и ценности единства, мира и согласия. В современных условиях этот процесс не автоматический – он требует от каждого из нас большой внутренней духовной работы, мудрости в словах и делах, взвешенности в суждениях, решительности в отстаивании национальных интересов.

**В-пятых**, расстановка приоритетов языковой политики. В соответствии с нашей Конституцией государственным языком является казахский, и его развитие является одним из ключевых приоритетов государственной политики.

По закону в Казахстане есть только один государственный язык, но использованию русского языка, согласно нашему законодательству, препятствовать нельзя.

Такая позиция отвечает не только казахстанскому законодательству, но и проверенной за годы независимости позитивной практике языковой политики, обеспечивающей гармонию межэтнических отношений.

За 30 лет государственный язык стал основой нашей государственности, фундаментом уникальной казахстанской идентичности, общепризнанным гражданским маркером.

И системные меры в сфере образования призваны успешно решать эту задачу с каждым новым поколением молодых граждан страны.

Сегодня в Казахстане 5 644 организации обучают и воспитывают детей на казахском языке, работают 3 798 казах-

ских школ.

В представителях разных этносов, особенно молодежь, свободно владеющий казахским языком, открывает ему свое сердце. Все это происходит в позитивной атмосфере дружбы.

Мощным импульсом к развитию государственного языка стал переход на латинскую графику, реализация программы «Рухани жаңғыру», в рамках которой произведения казахстанской литературы переведены на 6 языков ООН, на государственный язык переводятся лучшие учебники мира по разным отраслям знания.

Сегодня наступил этап, когда казахский язык должен стать языком-интегратором, языком межэтнического общения.

Поэтому в домах дружбы, в этнокультурных объединениях республики работают 174 воскресных школ, в которых действуют 124 группы по обучению казахскому языку.

АНК реализует проекты, направленные на развитие государственного языка – это проект «Мың бала», языковая школа для молодежи этнокультурных объединений, форум «Ұлы Даланың ұлтаралық тілі», а также клубы разговорного казахского языка «Мәміле» при Домах дружбы.

### **Құрметті әріптестер!**

Біздің Министрлік еліміздегі бейбітшілік пен татулықты, бірлік пен достықты, этносаралық келісімді одан әрі нығайтуды насихаттайтын кешенді іс-шаралар мен жаңа жобаларды жүйелі түрде жүзеге асыруда.

Сондықтан, баршаңызды жоғарыда айқындалып, халық арасында жалғасын тауып жатқан игі істерге белсенді атсалысуға шақырамын.

**Назар қойып тындағандарыңызға рахмет!**

**Гүлмира Бекетайқызы Нұрбаева,**  
«Отандастар қоры» КЕАҚ қандастар қолдау  
департаментінің басқарушы директоры  
*«Елге оралған қандастардың жергілікті деңгейдегі  
негізгі мәселелері»*

### **Құрметті әріптестер!**

«Отандастар қоры» КЕАҚ (әрі қарай – Қоғам) Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасымен 2018 жылы құрылды.

Біздің қызметіміз екі бағытта жүргізіледі.

Біріншісі – сырт мемлекеттердегі этникалық қазақтармен мәдени – гуманитарлық байланыстар орнату.

Екіншісі – Қазақстанға қоныс аударған қандастарымызға ақпараттық қолдау көрсету. Атажұртқа оралған ағайынмен жұмыс істеуде олардың қазақстандық қоғамға бейімделуіне жәрдемдесу, құжаттандыруда көмек көрсету, білім мәселесінде қолғабыс ету сияқты жұмысты атқарамыз.

Этникалық қазақтардың елімізге қоныс аударғаннан жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға ауыртпалықсыз бейімделуіне жәрдемдесу мақсатында 2019 жылы «Отандастар Қоры» КеАҚ жанынан «Қандастарды ақпараттық қолдау орталығы» (ҚАҚО) құрылып, бүгінгі күні еліміздің 14 өңірінде фронт-кеңселер (қоғамдық қабылдау) ашылған.

Анықтама: Қызылорда облысында қандастар саны өте аз болғандықтан фронт кеңсе ашылмады, ал Аты-

рау және Батыс Қазақстан облыстарында фронт кеңсеге тағайындалған сарапшылар жұмысты үйлестіре алмады.

***Қандастарды ақпараттық қолдау орталығы арқылы 2019 жылдың сәуірінен – 2021 жылдың желтоқсан айына дейін 14053 қандасқа қызмет көрсетілді.***

(2019ж. – 3448 өтініш, 2020ж. – 5065 өтініш және 2021ж. – 5540 өтініш)

Оның ішінде:

- Колл-орталыққа 3505 өтініш;
- Фронт-офистерге 8684 өтініш;
- Бэк-офисте жеке қабылдау және телефон арқылы 515 өтініш;
- 1349 электронды өтініш. Оның ішінде 986 WhatsApp мессенджері бойынша, 150 Telegram мессенджері бойынша, 107 komek@oq.gov.kz электрондық поштасына және 106 әлеуметтік желілер арқылы.

*Талдау нәтижесі көрсеткендей, қандастар 10 негізгі сұрақ бойынша жиі жүгінді:*

1. ҚР азаматтығын алу – 2712;
2. Білім және мәдениет – 1605;
3. Құжаттар бойынша сұрақтар / ЖСН – 1196;
4. ҚР-да тұрақты / уақытша тіркелу – 1195;
5. Әлеуметтік көмек / төлем алу – 1178;
6. Өңірлік квота бойынша – 874;
7. Тұруға ықтиярхат – 763;
8. Кандас мәртебесін алу / ұзарту – 598;
9. Визаны алу / ұзарту – 538;
10. Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту – 472.

(2019ж. – 3448 өтініш, 2020ж. – 5065 өтініш және 2021ж. – 5156 өтініш)

### ***Ақпарат ретінде***

ҚАҚО қызметтерін 20-дан астам елде тұратын немесе Қазақстанға осы елдерден қоныс аударған қандастар мен отандастар алды. Олардың ішінде ең көп өтініш Моңғолиядан – 4222 адам, Өзбекстан Республикасынан – 3837 адам және Қытай Халық Республикасынан – 3427 адамнан келіп түсті.

Өңірлер бойынша: Павлодар облысынан – 2498 адам, Алматы облысынан – 1918 адам, Шығыс Қазақстан облысынан – 1568 адам, Алматы қаласынан – 1202 адам, Нұр-Сұлтан қаласынан – 1034 адам және басқа да өңірлерден. Ең аз өтініш Қызылорда облысынан – 38 адам, Атырау облысынан – 35 адам және Батыс Қазақстан облысынан – 19 адам келіп түсті.

Келіп түскен барлық сұрақтар мен өтініштерді талдау барысында орталықтың қызметтерін пайдаланушылардың 80% құжаттарды рәсімдеу, заңдастыру мақсатында ақпарат немесе кеңес алу үшін жүгінетіні анықталды. Қандастарды ақпараттық қолдау орталығына келген қандастар мен отандастардың өтініштері мен ұсыныстарының 98% қанағаттандырылды.

Жалпы, Қандастарға ақпараттық қызмет көрсету бірнеше бағытта жүргізіледі, солардың ішінде жоғары сұранысқа ие – тұрақты тіркеуге тұру, ықтияр хат, Қазақстан азаматтығын, «қандас» мәртебесін алу мен өңірлік квота мәселелері.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша айтатын болсақ,

Қандастарды ақпараттық қолдау орталығының фронт-кеңсесіне 2020 жылдан 2021 жылдың желтоқсан айына дейін 1289 қандас түрлі өтініштер бойынша жүгінген.

Сонымен қатар, бүгінге дейін Отандастар қорының байланыс орталығына Шығыс Қазақстан облысынан 279 адам хабарласты

Келіп түсетін өтініштердің басым бөлігі 21,5% – ҚР азаматтығын рәсімдеу, 19,3% – еңбек және жұмыспен қамту, 14,8% – әлеуметтік көмек және өңірлік квота бойынша, 12,1% – қандастарды қоныстандыру және виза мәселелері, 9,3% – білім сұрақтары, 8,7% – тұрақты тіркеуге тұру және ыхтиярхат алу, 8,2% – қандас мәртебесін алу, 6,1% – басқада сұрақтар бойынша өтінім білдірген.

Осы жерде, ақпараттық жұмыстарға нақты тоқталып өтсем.

«Қандастар ақпараттық қолдау орталығы» туралы **флаерлер, билбордтар** дайындалып, ЖАО, СІМ және ҚР ІІМ КҚК веб-порталдарда және барлық орындар үшін қолжетімді жерлерде орналастыру үшін жіберілді. Бүгінгі күні, еліміздің 14 өңірінде қоғамдық орындарда және қандастар жиі баратын орындарда 100-ге жуық билбордтар орналастырылды (Шымкент қаласында және Ақмола, Алматы, Түркістан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Қызылорда, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында). Оның ішінде Шығыс Қазақстан облысының Курчатов ауданында көше бойына 1 билборд орналастырылды. Бұл басқа облыстармен салыстырғанда әлде қайда аз көрсеткіш, сондықтан

Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдарынан қандастарды ақпараттандыру бойынша бірлескен шараларға қолдауды күшейтулерін сұраймыз;

Қоғам тарапынан шетелдегі этникалық қазақтармен және елге көшіп келген қандастармен жұмыс жа-сау жөнінде әдістемелік нұсқаулық 2 тілде әзірленіп, мемлекеттік органдарға жолданды. Сонымен қатар, e1.kz ақпараттық порталында көші-қон процесіндегі 5 Мемлекеттік қызмет бойынша түсіндірме инфографи-касы қазақ және орыс тілдерінде жарияланды;

ЖСН алғаннан бастап ҚР азаматтығын алғанға дейін мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін түсіндіретін 4 бейнероликтер топтамасы түсірілді және әлеуметтік желілер мен YouTube-те «Otandastar channel» арнасында орналастырылды.

Қазіргі уақытта, басымдыққа ие 5 өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін шолуға және қоныс аударуға қолайлы елді мекендерді таңдауға мүмкіндік беретін «Egulik.kz» веб-платформасының жұмыс істеуі қалыпты жағдайда жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, пайдаланушыларға веб-платформаның (egulik.kz) барлық бөлімдеріндегі ақпараттар мен қызметтері толығымен қолжетімді.

«Елді мекендерге шолу» бөлімінде ЖАО ұсынған 2815 елді мекеннің деректер базасы өңделіп, веб-порталында орналастырылды.

Сайттың мәтіндік және визуалды мазмұны уақытылы жаңартылып отырады.

Тарихи және этникалық отанына оралған қандастардың ортаға бейімделу барысында көптеп

кездесетін өтініштерін зерделей келе, жергілікті деңгейде туындайтын негізгі мәселелерін анықтадық.

Соларға нақты тоқталып кететін болсақ:

1. Қолданыстағы заңнамалар шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтығын рәсімдегенге дейінгі көші-қон үрдісінің нақты алгоритмін және талап етілетін құжаттар тізімін қандастарымыздың толық білмеуі;

Елге көшіп келген қандастарды жергілікті деңгейде ақпараттық қолдаудың аздығы, сонымен қатар көші-қон талаптарын білмеуі себептерінен қандастар арасында түрлі күрделі мәселелер туындайды, делдалдар құрығына алданады және этникалық көші-қон үрдісін едәуір тежейтіні анық.

ҚР Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 599 бұйрығына сәйкес Қазақстанда тұрақты тіркеуі жоқ қандастар тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алу үшін облыстық, қалалық немесе аудандық көші-қон қызметі бөлімшелеріне барып құжаттарын біруақытта тапсыра алады.

24 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұру мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын қандастар, өздерінің ерік қалауынан тыс азаматтығынан айырылған немесе азаматтығын жоғалтқан жаппай саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандары, сондай-ақ олардың ұрпақтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін жоғары оқу орындарында оқитын этникалық



қазақтар жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ПД бастықтарының атына өтінішхатпен (өтінішпен) жүгінеді.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар тігіледі:

1) бұрынғы азаматтықтан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;

3) өлшемі 3,5х4,5 см төрт фотосурет;

4) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;

5) жеке басты куәландыратын және басқа мемлекеттің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын қандастар – қандастың куәлігі;

7) жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар – осы оқу орнында оқитын фактісін растайтын жоғары оқу орнынан анықтама;

8) жоғары оқу орнында оқитын этникалық қазақтар үшін ұлтын растау туралы анықтама;

9) мемлекеттік баж салығын төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат.

10) саяси қуғын-сүргіннің құрбандары болып табылатын адамдар – ақталғаны туралы соттың шешімі немесе саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпағы болып

табылатынын растайтын құжаттар.

Тұрақты тіркеуі жоқ қандастар тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алу үшін ПД бастығының атына және біруақытта азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын келген мемлекеттің лауазымды адамына шетел азаматтығынан бас тартқаны туралы нотариалды куәландырылған жазбаша өтінішхатпен (өтінішпен) жүгінеді. Өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар тігіледі:

1) тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға тіркеу осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;

2) бұрынғы азаматтықтан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш;

3) осы Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;

4) ұлттық паспортының, азаматтығы жоқ адамның құжатының көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін);

5) бірлесіп өтініш берген кезде он алты жасқа толмаған баланың жеке басын куәландыратын баланың туу туралы куәлігі немесе басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін);

6) жеке өмірбаяны қазақ немесе орыс тілінде;

7) оның азаматтығы бар мемлекетінің жазбаша келісімі, ол кету парағы не шетелге тұрақты тұруға арналған рұқсатты растайтын басқа құжат ретінде жүруі мүмкін (босқындар деп танылған немесе Қазақстан

Республикасында пана ұсынылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды және егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қытай Халық Республикасынан келетін этникалық қазақтарды қоспағанда);

8) азаматтығы тиесілілігі немесе тұрақты тұратын мемлекетте соттылығы (соттылығының болмауы) туралы тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген құжат (Қытай Халық Республикасы азаматтарының этникалық қазақтарын қоспағанда, егер өзге халықаралық шарттарда көзделмесе);

9) өтініш берушіге тұруға тұрғын үй ұсыну және тұрақты тіркеу есебіне қою туралы жеке және заңды тұлғамен нотариалды куәландырылған шарт не нотариалды куәландырылған келісім;

10) «Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7274 болып тіркелген) сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-жоғы туралы шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасы;

11) 14-тен 18-ге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған балалар ата-анасының өтінішіне өзінің нотариалды куәландырылған жазбаша келісімін қоса ұсынады;

12) өлшемі 3,5 x 4,5 см. төрт фотосурет;

Егерде, қандастарымыз өңірлерік квота аламын деген жағдайда, ҚР азаматтығына құжаттарын бірден тап-

сырмай, алдымен шетел азаматының тұру ықтиярхатын рәсімдеуіне болады. Ықтиярхатпен жүрген қандастарға ҚР азаматтары болып табылмағандықтан, қандастардың өңірлік квотаны иемдену құқығын шектемейді. Ал тұрақты тұруға рұқсат алуға және ҚР азаматтығына бірден құжаттарын тапсырғандарға, 3 ай мерзімінде азаматтық бойынша шешім шығатын болады.

2. Тарихи отанына қоныстанған қандастарды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерінде жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолдаудың тапшылығы. Нақтырақ айтқанда, қандастарды жұмысқа орналасуға бағыттау, әлеуметтік-медициналық көмек түрлерін ұсыну, тұрғын үй алуға кезекке қою, балаларды мектепке, балабақшаға орналастыру т.б.

*«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қандастарды бейімдеу және көмек көрсету мәселелері жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады, оның ішінде қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарын құру және қызметтерін ұйымдастыру көзделген.*

3. Қазақстан Республикасында қандастардың көшіп келуіне басымдық берілетін 5 облыста (Павлодар, Қостанай, Ақмола, СҚО және ШҚО) өңірлік квотаның жетіспей қалуы немесе кейбір облыстарда игерілмеуі;

**Қазіргі кезеңде ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 83 қаулысына сәйкес отандастарды қоныстандыру үшін:**

1. Ақмола,
2. Атырау,

3. Шығыс Қазақстан,
4. Батыс Қазақстан
5. Қостанай
6. Павлодар
7. Солтүстік Қазақстан облыстары анықталған.

Осы шешім бойынша 2017 жылдан бастап қоныс аудару квотасы адам санымен белгілене бастады.

Этникалық репатриация саясатының әлсіздігін ұғыну үшін келесі дереккестерге назар аударсаңыздар:

Бес жылдық кезеңді қарастырайық, 2003-2007 жылдар аралығында, квота саны 60 мың отбасы болып белгіленген және елімізге келген қандастарымыз 250 мың адамды құраған.

Яғни, сол кезеңде жылына шамамен 50 мың адам қоныс аударған болса, биылғы жылы небәрі 1426 адам қабылдау белгіленген, дегенмен ол 2021 жылдың 28 қазанында 1246 адамға қысқарды, ал 2020 жылы қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы 1378 адам болған.

Бүгінгі таңдағы квота жүйесі қоныс аудару үрдісіне және мемлекеттің көші-қон және демографиялық саясатына ешқандай оң әсер етпей отырғаны белгілі болды.

Сондықтан, қандастарды мемлекет бюджетіне артық салмақ немесе қоғамдағы деструктивті күш деп қарастырмай, керісінше еңбек ресурстары ретінде қабылдауды ұсынамыз. Егер де мемлекет елге келген қандастырымызға тиісті көңіл бөлмесе, жағдайын жасамаса, әрине оларды әр-түрлі саяси күштер өз мүдделеріне пайдалануға әркет жасайды.

Осы ретте, өңірлік ішкі саясат басқармасы әрбір

елді мекен бойынша қандастар арасындағы қоғамдық пікір қалыптастырушылар базасын жасақтап, пікір жетекшілерінің әлеуметтік портретін құрастыру – олардың саяси көзқарастары мен өмірлік ұстанымдарын, пікірлерін талдау негізінде практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеуді ұсынамыз. Оладың қатарында мемлекеттік саясатты қолдайтын тұлғалармен қатар, оппозициялық көзқарастағы тұлғаларды анықтап, олармен жұмыс жасау тетіктерін бірлесіп ойластырсақ деген ұсынымымыз бар.

Қандастар қауымдастығы арасындағы қоғамдық-саяси жағдайларды тұрақты бақылауға алып, келесі аспектілерге назар аудару қажет:

- қандастардың шыққан елдеріне сәйкес ментальдық ерекшеліктерінің сипаттамасы;

- қандастардың белгілі бір елді мекендерге қоныстану ерекшеліктері – қандастардың қалай және қайда орналасуы (қала/ауыл), жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасы;

- экономикалық қатынастарға интеграциялану сұрақтары, жұмыспен қамтудың негізгі салалары, қаладағы немесе ауылдағы шаруашылық қызметтерінің түрлері;

- қандастардың отбасыларындағы туу коэффициенттері – орташа сандық көрсеткіштер;

- қандастар қауымдастығының жергілікті атқарушы органдармен қарым-қатынастарының сипаты. Қоғамдағы саяси белсенділік, наразылық әлеуеті, мемлекеттік бастамаларды қолдау, қоғамдық-саяси жағдайға әсер ету және т.б.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдардың қолындағы тағы бір маңызды құрал – ол қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарын ашу мүмкіндігі болып табылады.

Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары шеттен келген қандастарымыздың тұрақты тіркеуге тұруына мүмкіндік беріп, оларды жаңа ортаға бейімдеу бойынша кешенді шараларды өткізуі тиіс. Осы орталықтардың жұмысын жақсарту қажеттілігі «Халықтың көші-қон» туралы заңында айқын анықталған. Бұл бойынша Елбасының тапсырмасы да бар. Тіпті көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасында да осы мәселе кеңінен қамтылған.

Дейтұрғанмен, осы орталықтардың жұмысы, өкінішке қарай, тоқтап тұр. Өңірлік бюджетінен тиісті қаражат бөлінбейді. Осының салдарынан әлеуметтік жағдайы нашар және көпбалалы отбасылар туғандықтарының болмағандығынан уақытша тұратын орын таба алмай сандалып жүр.

2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жалпы 15903 адам қандас мәртебесін алған, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысында 92 адамға берілген.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2021 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасының санын 195 адамға белгіледі.

Шығыс Қазақстан облысы – ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы №83 қаулысына сәйкес, шеттен келген қандастарды қоныстандыру үшін, этникалық

көші-қонға басымдық берілген өңірлердің бірі болып табылады.

*Анықтама ретінде:*

*Жерінің аумағы 97,9 мың км<sup>2</sup>, тұрғындары 1 358,9 мың адам (2021 жыл 1 қазан). Облыста 13 әкімшілік аудан; 5 қала; 4 қала типтес кенттер, 689 ауыл бар. Жұмыссыздық деңгейі 4,8% (2021 жылғы II тоқсан). Бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы 214 216 теңгені құрайды (2021 жылғы III тоқсан).*

Еліміз тәуелсіздік алған жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысына 53 мыңнан астам этникалық қазақтар көшіп келіп, қандас мәртебесіне ие болған. Олардың ішінде басым бөлігі 77,5% – Қытай Халық Республикасынан; 17,6% – Моңғолиядан және 4,6% – басқа да алыс-жақын шетелдерден қоныс аударған.

Шығыс Қазақстан облысында қандастардың басым көпшілігі Ұлан, Глубокое, Зайсан, Күршім, Үржар, Тарбағатай және Жарма аудандарында қоныстанған. Негізгі кәсіп түрлері ауыл шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп салалары болып табылады.

Қазіргі уақытта, Шығыс Қазақстан облысында «Қандас» мәртебесі берілген және жарамдылық мерзімі аяқталмаған 92 адам (56 отбасы) тіркелген. Оның ішінде, 18 (19,5%) қандас Қазақстан Республикасының азаматтығын рәсімдеуге құжаттарын тапсырды. Қандастар арасында 25 адам (27%) – кәмелеттік жасқа толмаған, 55 адам (60%) – еңбекке қабілетті жаста және 12 адам (13%) – зейнеткерлік жасқа жеткендер. Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінде 3 адам (3,2%) жұмыссыз ретінде тіркелген.



Көші-қон қызметі комитетінің мәліметі бойынша, ҚР-ның азаматтығын алмаған, Шығыс Қазақстан облысы аумағында шетелдік азаматтың тұру ықтиярхаты негізінде тұрақты тіркеуде 258 этникалық қазақ бар.

Осы жерде, аталмыш қандастарымыздың қазақстандық қоғамға бейімделуіне, олардың әлеуметтік жағдайын шешуге жергілікті әкімдік тарапынан көрсетіліп жатқан қандай шаралар бар деген сұрақ туындайды.

Мінекей, сондықтан да, осы саладағы мәселелерді жүйелі шешіп отыру үшін өңірлерде **қандастарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарын (қандастар) ашу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.**

#### **Анықтама ретінде:**

*Қазіргі уақытта «Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығы» мемлекеттік мекемелері Қарағанды, Шымкент қалаларында және Түркістан облысы Сайрам ауданының Ақсукеңт ауылында жұмыс істейді және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.*

*Орталықта тегін тұратын оралмандарға (қандастарға) және олардың отбасы мүшелеріне мынадай қызметтер көрсетіледі:*

*1) ақпараттық және анықтамалық қызметтер көрсету;*

*2) аударма қызметтері;*

*3) жұмысқа орналасуға, кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға көмек;*

*4) Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті мен дәстүрлері, заңнама негіздері және шағын бизнесті*

*ашу бойынша оқыту курстарын өткізу;*

*5) түрлі мәдени іс-шаралар өткізу;*

*6) заңгерлік қызмет көрсету (оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш беруге, азаматтық, әлеуметтік жәрдемақы алуға және тіркеуге кеңес беру және көмек көрсету););*

*7) құжаттарды ресімдеу және Қазақстан азаматтығын алу мәселелерінде жәрдемдесу болып табылады;*

*8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету;*

*9) қазақ және орыс тілдерін оқыту;*

*10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға жәрдемдесу.*

Сонымен қатар, Қоғам мәдени мұраны насихаттау, алыс-жақын шет елдердегі қазақ диаспорасымен іскерлік және гуманитарлық байланыстарды нығайта отырып одан әрі дамыту үшін «Абай» қазақ мәдени-іскерлік үйі» (әрі қарай – ҚМІҮ) жобасын іске асыруда. Қазіргі уақытта Омбы (Ресей Федерациясы), Ыстамбұл (Түркия), Берлин (Германия), Киев (Украина), Ташкент (Өзбекстан) қалаларында 5 ҚМІҮ жұмыс істейді.

Олардың қызметі отандастарға жүйелі қолдау көрсету, дарынды қандастарды анықтау және оларды тарихи отанына тартуға, шеттегі ұлттық ұйымдар мен қоғамдық қауымдастықтарды біртұтас желіге біріктіруге бағытталған. Қазақ мәдени-іскерлік үйлерін жүйелі түрде пайдалану мемлекетаралық қатынастарды нығайтудың және екі жақты экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты тереңдетудің

тиімді тетігі бола алады.

Шетелдегі қазақ диаспорасын жүйелі қолдау, әдістемелік және материалдық көмек көрсету мақсатында жергілікті атқарушы органдардың «Абай» ҚМІҮ-ге қамқорлық (шефство) жасау тетігін енгізуді ұсынамыз.

Осы ретте, Отандастардың қажеттілігін, облыстардың шекаралас өңірлермен және шет елдермен экономикалық және мәдени байланысын ескере отырып, әкімдіктерге жекелеген елдерді бекітіп, Қамқорлық аясында келесі ұсынылады:

– Қазақ ұлттық өнімімен (ішкі жабдықтары толық қамтылған киіз үйлер, ұлттық музыкалық аспаптар, ұлттық костюмдер жиынтығы), көркем және оқу-әдістемелік әдебиеттермен, қазақ тілін оқып-үйренуге арналған интерактивті құралдармен, компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен ҚМІҮ-ге материалдық-техникалық жарактандыруда қолдан келгенше көмек көрсету;

– іс-шараларды (Наурыз, мемлекеттік мерекелер, атаулы күндер және т. б.) ұйымдастыруда ҚМІҮ-ге оң ықпал ету және мәдени-бұқаралық және білім беру іс-шараларын өткізу барысында отандастарымызды барынша белсенді тарту;

– облыстағы мәдениет мекемелерінің шекара маңындағы қандастар қалың шоғырланған өңірлерге көшпелі гастрольдерін ұйымдастыру (облыстық филармония ұйымдарының гастрольдері, облыстық қазақ драма театрларының көшпелі қойылымдары, бейнелеу өнерінің көрмелері, тарихи және этнографиялық экспо-

зициялар);

– өңірлерде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының филиалдарына ҚМІҮ бизнес-жобаларын қолдау және бекітілген елдерде отандастарды белсенді қамти отырып, бизнес-іс-шаралар өткізу;

– отандас – қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне кәсіби біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және қазақ диаспорасы өкілдері қатарындағы қазақ балаларын облыс аумағындағы жазғы демалыс лагерьлеріне шақыру.

Сондай ақ, қандастарды қолдау жұмысын дамыту мақсатында барлық өңірлік әкімдіктерімен өзара ынтымақтастық меморандумдары бар. Осы меморандум аясында бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын!

Өз кезегінде, Отандастар қоры қандастарды қолдау бағытында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс атқаруға, әдістемелік, ақпараттық қолдау көрсетуге дайын екендігін жеткізгім келеді.

**Әлпейісова Камал Әбілқасымқызы,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
филология ғылымдарының кандидаты  
*«Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт»*

### **Құрметті жиынға қатысушылар!**

Мұхтар Шаханов ағамыздың:

**«... салт пен сана, тіл мен дәстүр қасында**

**Арал зары шапқан кезде насырға**

**Тағы да біз жанашыр боп жүргенбіз**

**мейірім қосып мейірімсіздеу ғасырға»** – деген сөздері бар.

Өмірде МЕЙІРІМ және АНА деген сөздердің егіз қозыдай бірге жүретіні белгілі. ҚХА жанындағы 2014 жылдан бері бар Аналар кеңесінің жұмысы биыл жандана бастауының себебі де – қоғамда көбейіп кеткен кейбір қатыгез құбылыстардан ұрпақты сақтау, ұл-қызымызды мейірім шуағына бөлеп тәрбиелеудің ысырып тастауға болмайтын мәселе екендігін түсінуден туындап отыр.

Биыл 21 қазанда Мемлекет басшысы **Қ.К. Тоқаевтың төрағалық етуімен** Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңесі өтіп, онда Аналар кеңесінің қызметі тыңдалды.

**Ақпарат бере кетсек:**

**13 мыңнан астам белсенді ананың басын біріктіріп отырған Аналар кеңесінің қазіргі таңда 14 облыстық, 45 қалалық, 182 аудандық, 1430 ауылдық құрылымы бар. Олардың 127 этномәдени бірлестіктер жанынан, 29-ы кәсіпорындарда құрылды. Жалпы саны 1 827 жетті.**

Аналар кеңесі мемлекеттік ұлттық саясатқа сәйкес қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты тәрбиелеу, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды насихаттау бағытындағы жұмысын қоғамның тынысымен сәйкестендіріп, өзекті мәселелерді зерделей отырып жүргізеді.

Президент төрағалық еткен отырыста біз ең алдымен «МӘДЕНИЕТТІ АНА – МӘДЕНИЕТТІ ҰЛТ» деген ұстанымды насихаттайтынымызды жария еттік.

Негізі, МӘДЕНИЕТ дегеніміз – ҰЛТТЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ КОДЫ.

Сондықтан, біріншіден, тамырынан нәр алған, немесе өз ұлтының тарихын, салт-дәстүрін, діни негізін білетін, болашақта «АҚСАҚАЛ» деген ұлы атаққа ие болатын ҰЛ, «ЕЛ АНАСЫ» болатын ҚЫЗ тәрбиелеу үшін әр АНА өз ұлтының өмір философиясын терең білуі қажет.

Негізі, ұлттық бірегейлік мәселесі бүгінгі таңда әлемдік проблема деңгейіне жетті.

Еуропа мемлекеттерінде еңбек мигранттары мен босқындардың көбеюі салдарынан негізгі ұлттың азшылыққа айналу қаупінен қорқады.

Америка қара нәсілділердің демографиялық өсуінен қауіптенеді.

Осы қауіптердің негізінде ұлттық дін мен тілден айрылу, ділдік жойылу мүмкіндігі қоғамды белсенділікке итермелеп отыр.

Сондықтан шығар, философия ғылымында «21 ғасыр – әр ұлттың түп-тамырына үнілу ғасыры» деген түсінік пайда болды.

Сондықтан, ҚАЗАҚ ТІЛІН, ұлттық салт-дәстүрді БІЛЕТІН АЗАМАТТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ үшін ӘР ОТБАСЫНЫҢ АНАСЫ, ӘЖЕСІ СОЛ ҮЙДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН, салты мен дәстүрін ҮЙРЕТЕТІН ҰСТАЗ БОЛУЫ КЕРЕК!

Екіншіден, жауапкершілігі мықты, отаншыл, спортпен шұғылданатын, денсаулығы мықты ұрпақ өсіру үшін АНАНЫҢ өзі үлгі болуы керек.

